ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«№ 12 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КММ

ЖАКЕНОВА КЕНЖЕГУЛЬ АБДРАСИЛКЫЗЫ
КУДАШБАЕВА АЙНҰР ЗЕЙНОЛЛАКЫЗЫ

«ТІЛТАНЫМ»
(әдістемелік құралы)

Қарағанды
2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«№ 12 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КММ

ЖАКЕНОВА КЕНЖЕГУЛЬ АБДРАСИЛКЫЗЫ
КУДАШБАЕВА АЙНҰР ЗЕЙНОЛЛАКЫЗЫ

«ТІЛТАНЫМ»
(әдістемелік құралы)

Қарағанды, 2024

УДК 373 (072)
ББК 74.268.1Қаз
Ж20

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Хамзина Қ.М. – Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ, Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының меңгерушісі м.а. филол.ғ.к.

Хуат А. – Қазақ тілі және қоғамдық пәндер бірлестігінің жетекшісі

Мукушева А.Н. – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері, филол.ғ.д.

К.А. Жакенова, А.З. Кудашбаева
Тілтаным, әдістемелік құрал/ К.А. Жакенова, А.З. Кудашбаева – Қарағанды қ «№ 12 жалпы білім беретін мектеп» КММ, – 2024. – 71 б.

ISBN 978-601-7353-55-1

Тілтаным, әдістемелік құралы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің педагогтері мен білім алушыларына арналған. Әдістемелік құрал 3 модульге құрылған. 1-модульде сөздердің мағыналық топтары. Сөз мағыналары туралы түсінік; 2-модульде қазақ тіліндегі қосымшалардың табиғаты, түрлері; 3-модульде Омонимдес қосымшалар. Шылау сөздермен ұқсас келетін қосымшалары берілген.

«Тілтаным» таңдау курсының әдістемелік құралы оқыту бағдарламасына тәуелсіз, пәнге және оның қолданбалы аспектілеріне қызығушылық білдіретін тіл мамандығын таңдайтын мектеп оқушыларына арналған.

УДК 373 (072)
ББК 74.268.1Қаз
Ж20

ISBN 978-601-7353-55-1

© К.А. Жакенова
А.З. Кудашбаева, 2024

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда мектеп түлектері заманға сай әлеуметтік жағдайда білім алуға талпынады. Сондықтан қазіргі кездегі мектептердің мақсаты түлектерді толық әлеуметтік жетілдіру болмағанымен, мүмкіндігінше әлеуметтендіруге бағытталған. Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты мен талабы – білім сапасын арттыру және деңгейін көтеру болып табылады. Осы мақсаттарды шешудің бір жолы – жаңа технологияларды қолдану негізінде оқушының бойындағы бейінділікті анықтау, өздігінен тақырыпты игеріп шығуына жағдай жасау, пәнге деген қызығушылығын оятып, шығармашылыққа жетелеу. «Тілтаным» әдістемелік құралы оқушылардың білім, білік даму құзіреттіліктерін жоғары деңгейге дамыту мақсатына негізделген.

«Тілтаным» әдістемелік құралын құрастырудың өзектілігі. «Тілтаным» әдістемелік құралы қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін терендетілген түрде оқыта отырып, оқушының тіл білімі жайында ұғым-түсінігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Құрастырылған құрал арқылы әр оқушының даму деңгейі, білімі, қабілеттерінің дамуына жағдайлар жасалып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасуына мүмкіндіктер туғызылады.

Қазіргі таңда тілдік бірліктерді меңгерту заманауи білім беруде аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Аталған құралда оқушылар қазақ тіліндегі омонимдес қосымшалардың табиғатын тануға әрекеттенеді, әр қосымшаның өзіндік ерекшеліктері жайлы ізденіс тапсырмаларын орындау негізінде әр оқушы өзін шығармашыл жеке тұлға, зерттеуші ретінде сезінуіне, өзін-өзі дамытуына мүмкіндік береді.

Мектеп оқулықтарында қазақ тіліндегі қосымшалардың табиғаты салыстырмалы түрде қарастырылмаған. Оқушылар сөйлем талдау барысында грамматикалық бірліктердің өзіндік атқаратын қызметін ажырата алмай жатады. Аталған өнімде бірнеше қызметте жұмсалатын тілдік бірліктер жинақталып, әрқайсысының тілдік табиғатына талдау жасалынады. Мұның барлығы оқушылардың тіл білімі жайындағы біліктілігін жетілдіру жеке тұлғаны дамытуда маңызды роль атқарады.

Әр қосымшаның табиғатына зерттеу жүргізу, практикалық талдау жұмыстарын орындауларына байланысты оқушының интеллектуалдық және практикалық біліктілігі қалыптасады, дамиды.

Қазіргі таңдағы білім жүйесінде оқушылардың лексикалық тақырыптарды меңгеруіне баса назар аударылған да, грамматикалық тапсырмаларды орындауларына баса назар аударылмаған. Оқушыларымыз пәндік олимпиадаларда сөйлемге морфологиялық талдау барысында қосымшаларды ажыратудан қателіктерге бой алдырады.

Оқушылардың сөйлем талдау біліктіліктерін жетілдіру, олқылықтарын толықтыру мақсатында «Тіл таным» таңдау курсының әдістемелік өнімі құрастырылды. Мектеп оқулықтарында әр қосымшаның салыстырмалы қызметін түсіндір жұмыстары жолға қойылмаған.Осындай қажеттіліктерге

байланысты арнайы жұмыстар болмағандықтан, курсты енгізу мен әдістемелік өнімін даярлау қажеттілігі туындап отыр.

Әдістемелік құрал 3 модульге бағытталған. 1-модульде сөздердің мағыналық топтары. Сөз мағыналары туралы түсінік (тура, ауыспалы мағына, антонимдік, көп мағыналық, эвфемизмдік, дисфемизмдік, синонимдік, тұрақты тіркестік, т.б.); 2-модульде қазақ тіліндегі қосымшалардың табиғаты, түрлері (сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтардың ерекшеліктері, жалғаулардың түрлері, көптік жалғауының қолдануындағы ерекшеліктер, тәуелділік категориясы, септік жалғауларының қызметі мен беретін мағыналары, жіктік жалғауының төрт түрлі үлгіде жалғануы, жалғаулардың сөздегі орын тәртібі); 3-модульде Омонимдес қосымшалар. Шылау сөздермен ұқсас келетін қосымшалары (мен-бен-пен, да-де-та-те, ма-ме-ба-бе-па-пе, ды-ді-ты-ті, қы-кі-ғы-гі. у – жұрнағы, с – қосымшасы) берілген.

Оқушы бағдарламаға құрастырылған оқу тапсырмалары нәтижесінде: тіл фактілерін дұрыс қолдануға мүмкіндік жасалады; сөзжасамдық талдауды меңгереді. сөздердің мағыналық ерекшеліктерін дұрыс түсінеді; ғылыми-теориялық тұрғыда оқушылардың білімі мен сауаттылықтары артады; алған білімдері негізінде өзіндік іздену жұмыстарын жүргізуіне мүмкіндік алады; тіл мәселелерін талдап дағдылануына қалыптасады; тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі өзіндік еркшеліктері. атқаратын қызметіндегі заңдылықтарды айқын таниды. меңгереді: оқушы қазақ тіліндегі грамматикалық тілдік бірліктердің негізгі түсініктерін таниды. сөйлем талдау барысында қосымшаның атқаратын қызметі мен тілдік ерекшелігін дұрыс қолдануды үйренеді, тіл фактісін тиімді қолданудың маңызды екендігін ұғынады, сауаттылықтарын арттырады.

Әдістемелік құралдың мақсаты – оқушының тілдік білімін кеңейтіп қана қоймай, олардың ләнге қызығуын, ынтасын арттыратын әлеуметтік, танымдық мотивтердің қалыптасуына жол аша отырып, алған білімдерін практикалық іскерлік-дағдыға айналдыру; қазақ тіліндегі сөз тудыруда өнімді қызмет атқаратын қосымшалардың табиғатын ұғындыру, сөз мағыналарының қырсырын ашу. өзіндік ерекшеліктерін ұғындырып, меңгерту.

Глоссарий

1. Көп мағына (полисемия) – сөздің бірнеше мағынаға ие болуы

2. Ауыспалы мағына – сөздің негізгі мағынасынан дамиды

3. Синоним – айтылуы әртүрлі, бірақ мағынасы бір-біріне жақын сөздер

4. Омоним – айтылуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздер

5. Антоним – мағынасы қарама-қарсы сөздер

6. Фразеолгизмдер (тұрақты тіркестер) – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағына беретін сөз тіркестері

7. Мақал-мәтелдер-көлемі қысқа және терең ой, көп мағына беретін сөздер

8. Эвфемизм – дөрекі, жағымсыз сөздерді сыпайылап, жаңамалап өзгертіп қолдану тәсілі

9. Эвфемизмнің мағынасы (гректің еи – жақсы, phemi – айтамын) – сыпайы сөз, мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу

10. Табу (ағыл. Иboo – қасиетті, тыйым салынған) – наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа байланысты сөздердің балама түрінде айтылуы. Табу сөз (бұрмалау) – қазақ дәстүрі бойынша айтуға тыйым салынғандықтан, бұрмалап айтылған сөз

11. Табу – индонезия тіліндегі «тыйым салу» деген сөзден шыққан. Табу сөздердің көпшілігі наным-сенімге байланысты туған

12. Дисфемизм – тілдегі әдепті сөздерді әдепсіз сөздермен ауыстырып айту

13. Кәсіби сөздер – жұрттың бәріне бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі бір кәсіппен я шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдардың арасында ғана айтылатын сөздер

14. Термин сөздер – ғылым, техника, өндіріс және т.б. саласындағы арнаулы зат атауларын білдіретін сөздер

15. Жұрнақ – қазақ тіліндегі қосымшаның бір түрі. **Жұрнақ** өзі жалғанған сөзге жаңа мағына береді, туынды сөз жасайды және жұрнақтар әр сөз табына қатысты, әр сөз табының өз жұрнағы болады

Жұрнақтың екі түрі бар: сөз тудырушы жұрнақ және сөз түрлендіруші жұрнақ

16. Сөз түрлендіруші жұрнақ жаңа сөз жасамайды. Сөздің бастапқы мағынасын өзгертпей, сәл ғана түрлендіреді

17. Жалаң жұрнақтар деп мағына жағынан да, форма жағынан да бөлшектенбейтін бір бүтін жұрнақты айтамыз

18. Құранды жұрнақтар – мағына жағынан бір бүтін бола тұрса да, құрамы жағынан екі немесе я онан да көп жалаң жұрнақтардан құралып жасалған жұрнақтар

19. Жалғау – сөздерді байланыстыратын қосымшаның бір түрі

20. Тәуелдеу категориясы – иеленуші үш жақтың біріне белгілі бір заттың меншікті екенін білдіретін грамматикалық категория

21. Септік жалғауы – сөздің септік жалғауын қабылдауы

22. Жай септеу – сөздердің түбір күйінде септелуі

23. Тәуелді септеу – сөздердің тәуелденіп барып септелуі

24. Жіктік жалғау – баяндауышқа жалғанып, оны бастауышпен жақ арқылы қиыстыратын жалғау

25. Шылау – толық мағыналы сөздерге тіркесіп көмекшілік қызмет атқаратын сөздер тобы

26. Жалғаулық шылау – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстыратын шылау

27. Жіктеу есімдіктері – үш жақта, жекеше, көпше, анайы, сыпайы түрде қолданылатын есімдіктер

28. Зат есім – заттың атын білдіріп, кім? не? деген сұраққа жауап беретін сөздер

29. Жалпы есім – біркелкі заттардың жалпы атауы

30. Жалқы есім – заттардың ішіндегі бір түрінің өзіне ғана қойылған атау

31. Демеулік шылау – өзі тіркескен сөзге әр түрлі мағына үстеп, оған түрліше өң береді

32. Болымды етістік негізгі түбірде де, туынды түбірде де қимылдың, іс-әрекеттің болуын білдіреді

33. Болымсыз етістіктер қимылдың, іс-әрекеттің болмауын білдіреді.

34. Жіктік жалғау – баяндауышқа тән жалғау

35. Шақ – етістіктің негізгі категорияларының бірі. Шақ қимылдың жасалып жатқанын, келешекте жасалатынын, жасалып қойғанын білдіретін категория

36. Осы шақ. Қимылдың сөйлеушінің хабарлап тұрған кезінде болып жатқан не үнемі дағдылы қимылды білдіреді

37. Келер шақ қимылдың сөйлеушінің хабарлаған кезінен кейін болатын қимылды білдіреді

38. Өткен шақ. Қимыл-әрекеттің сөйлеушінің хабарлаған кезінен бұрын болғанын білдіреді

39. Жедел өткен шақ – жақын арада, жуықта болған қимылды білдіреді

40. Рай дегеніміз – қимыл-әрекеттің шындық өмірге қатысын білдіретін категория

41. Қалау рай қимылдың жасалуын сөйлеушінің қалайтынын, тілейтінін білдіреді

42. Тұйық етістік қимылдың атын білдіреді Етістіктің түбіріне – у жұрнағының жалғануы арқылы жасалады

43. Етіс – қимылдың, іс-әрекеттің орындаушыға, яғни қимыл иесінің істелетін іске қатысын білдіру үшін белгілі бір қосымшалар арқылы жасалатын етістіктің түрі

44. Есімше – қимыл-әрекетті білдірумен бірге есім сөздің де белгілерін білдіретін етістіктің түрі

45. Білім сапасы – мақсат пен жетістік байланысы

46. Құзыреттілік – жеке сапа немесе тұлға сапасының өзара жиынтығы, әрекеттің жүзеге асырылу мүмкіндігі

47. Тұлғалық сапа – әр жеке адамға дербес бағытталған, тек оған жалпылай құндылықтарға қатысы: мәдениетке, шығармашылыққа, ерікті таңдауға, жеке меншікке, азаматтық қоғамға, шындыққа және т.б.

I тарау. I модуль. Сөздердің мағыналық топтары.
Кіріспе. Сөз мағыналары туралы түсінік

Ұғымға берілген атау сөз деп аталады

Мысалы: шапан – сыртқы киім атауы

Кез келген сөздің мағынасы болады

Дегенмен сөздерді **мағыналы сөздер және мағынасыз сөздер** деп атауымызға болады.

Мағыналы сөздер дегеніміз – атау болатын сөздер. Олар заттың, құбылыстың атауы, немесе оның сынының яки әрекетінің атауы болады. **Мысалы,** төмендегі өлең жолдарын талдайтын болсақ, ондағы сөз мағыналары төмендегідей болады:

Ажымды жүзі тершіген,
Кәрі жартас таң қапты.
Бәрі осы –ау деп «сіз» деген,
Томсарып құз жылапты.

(Абай Құнанбаев.)

Осы өлең жолдарындағы сөздердің саны 16 сөз болса, олардың ішіндегі мағыналары – 11. Қалған бесеуі тұрақты мағынаға ие бола алмайтын, сөйлем ішінде мәні бар сөздер. Мысалы, оның ішінде **жүз, тер, жартас, із, құз** дегендер заттық мағынадағы сөздер; **ажым, кәрі** дегендер заттың сынын көрсететін сөздер; **Томсару, жылау** дегендер заттың ісін, қатынасын білдіретін сөздер.

Мағынасыз сөздердің мәні сөйлемдердің байланысында ғана. Мағынасыз сөздерге шылау, демеуліктер, одағайлар жатады.

Қазақ тіліндегі сөз мағыналары:

Сөз мағыналары	- тура мағына - ауыспалы мағына - көп мағына - синонимдік мағына - омонимдік мағына - антонимдік мағына

Ескерту. Сөздің қосымша мағыналары негізгі мағыналары арқылы пайда болып дамиды.

Мысалы: ақ торғын, ақ сүт дегендердегі ақ – негізгі мағына. Ал, **ақ болу, ақ көбею, істің ағы** дегендер қосымша мағыналар.

Ауыс мағына дегеніміз – сөздің негізгі мағынасынан дамиды. Мысалы: **жар** деген сөзді алайық. Ол **кия тас** болуы да, **тік құлама топырақ** болуы да мүмкін. Осының ауыс мағынасы – үйдің қабырғасын **жар** деу. Ал, **қабырға** дегенді алсақ, **негізгі мағынасы – қабырға сүйегі, ауыс мағынасы – үйдің қабырғасы, қораның қабырғасы.**

Мысалы, бас деген сөздің негізгі, ауыспалы мағыналарын анықтайтын болсақ, **тәуелің, қарағайдың басы** дегендегі мағынасы – адамның басына ұқсатып айтқандықтан, яғни ауысу заңы бойынша, жасалған мағына. Қырман **басына** өзі бас – көз болды. (Ж. Тілеков.) Ер мен еңбек таңғы шақ ток **басынан** табыссын. (Ж. Саин.) Отырса от **басында**, көшсе көш **басында** (мақал). Мысалдардағы **басы** деген сөздің мағыналары – ауыс мағына.

Көп мағына дегеніміз – сөздің бірнеше мағынаға ие болуы.

Синоним – айтылуы әртүрлі, бірақ мағынасы бір-біріне жақын сөздер.

Омоним – айтылуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздер.

Антоним – мағынасы қарама-қарсы сөздер.

1-тапсырма. Төмендегі келтірілген мысалдардағы қарамен жазылған сөздердің мағыналарын анықтап, олардың қандай сөздер тобына жататынын және қандай ұғымда қолданылып тұрғанын анықтаңдар

1. Бұл жұмыс сенің **қолың** емес. 2. Малың **қолды** болмағай-ақ. 3. Тас көмірдің **қызуы** күшті келеді. 4. Зауытта еңбек **қызу** дамуда. 5. Оның басы ауырып, **қызуы** көтеріліп дәрігерге кетті. 6. **Қызба** сөйлеуден аулақ бол. 7. **Қайнаған** суда микроб болмайды. **8. Құлақ** ауруын алдын ала қаратқан жөн. 9. Әкем ағатайыма , маған **көз** бола жүр деп қатты тапсырды.

2-тапсырма. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндіріп, олардың қандай сөз табына жататынын анықтаңдар

Атаң мен анаң саған **өмір** сыйлайды. Олардың **есіл – дерті** – сен бақытты болса екен деу. Екеуінің денсаулығын сақта, **бабын** тап. Көңілдеріне **кейістік** сала көрме.

Сенің адал өмір сүруің, еңбек сүйгіштігің, оқу мен еңбектегі табыстарың - ата-аналарың үшін айтып жеткізгісіз зор бақыт. Өз үйіңнің **бағын жандыра** біл.

Анаңның жүрегін сезе біл, анаңның көз жанарынан көңіл хошы мен тыныштықты, бақыт пен қуаныш нұрын, беймазалық пен **әбігершілікті, қиналыс пен кейістікті** көре біл. Жастайыңнан анаңның көзінен жан дүниесін көре білуге үйренбесең, сен **ғұмыр бойы** адамгершілік тұрғысынан ақ көз болып өтесің.

Ана мен әке алдында **шыншыл** бол. Ата-анаңның құптауынсыз істеуге болмайтын нәрсеге олардың рұқсат, ризалығын ал (В.А. Сухомлинский).

3-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерінің оқып, әрқайсысының мағыналарын түсіндіріп, қарамен жазылған сөздердің мағыналарын анықтап, қандай ұғым атаулары екенін түсіндіріңдер

Адамның **көзі** қырағы, істің **көзін білу** керек, көз бояу, иненің **көзі** тар; **қолы** сырқырайды, **қол қою, қолды болу; тамақ ауруы, тамақты мезгілінде ішу; бел** шойырылу, қой анау белде жайылып жүр; **малға** күтім керек,

қолыңды шипа суыңа мал; киім **жағасы, өзен жағасы,** ағасы бардың жағасы бар; егін **ор, орға** түсіп кетпе.

4-тапсырма. Төмендегі синонимдерді мағына жақындығына қарай топтап жазыңдар

Үлгі. әдемі, сұлу, ...

Сүйкімді. Алыс. Туыс. Тартымды. Қашық.Туысқан. Жырық. Жұғымды. Ағайын. Үлкен. Ауру. Қасында. Зор. маңында. Дерт. Жанында. Дымқос. Ажар. Ас. Өңі. Ауқат. Түсі. Тамақ. Түрі. Нан.

5-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді оқып, омонимдерді тауып, түсіндірме сөздіктен мағыналарын анықтаңдар

1. Оспан атқа жем беріп жүр. 2. Ол мылтықты жақсы атады. 3. Жылқыда өт болмайды. 4. Мұз үстінен байқап өт. 5. Демалыс күндер біздер арық қаздық. 6. Қаздың еті тығыз келеді. 7. Шаш- адам көркі. 8. Тауыққа жем шаш. 9. Есікті ақырын аш. 10. Біздер кешеден ашпыз. 11. Бас ауырды. 12. Кібіртектенбей, аяғыңды бас.

Сөздің тура, ауыспалы мағыналарының өзіндік ерекшеліктері

Тапсырмаларды орындауда төмендегі келтірілген анықтамаларды негізге алып, есте сақтаңыз!

Кез келген сөздің мағынасы болады. Қазақ тілінде сөздің **тура** және **ауыспалы** мағыналары бар.

Ереже: Сөздің затты я құбылысты атап білдіретін мағынасын тура мағына деп аталады

Мысалы, аспан, жер, жел дегендер заттарды атап тұр, бұл – сөздің тура мағынасы. Яғни, **тура мағына** әр заттың өзіне ғана тән жеке мағынасы, сол арқылы біз заттарды танимыз.

Сөздің тура мағынасы негізінде туып, өрбіген, жалпы көпшілікке түсінікті мағыналары болады. **Лексикалық мағынаның бұл түрін ауыспалы мағына дейді.** Мысалы, көз – адамның немесе жануардың көру мүшесін білдіретін бастапқы тура мағынасы. Ал, **күннің көзі, бұлақтың көзі** десек, ондағы **көз** – оның **ауыспалы мағынасы.**

Сөздің **ауыспалы мағынасы** бір заттың негізгі атауыш мағынасын екінші бір затқа атау етіп ауыстырып қолданудан барып туады.

1-тапсырма. Төменде берілген мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің мағыналарын анықта

I. Балуан Шолақтың **бағы** ел үстінде құстай ұшты. Тоқсанбайдың асынан кейін «Көксеңгірдің Көктөбесін» жайлаған ауылдар оны бірінен соң бірі шақырып, **қолдан-қолға** тигізбеді.

Балуандық, әншілік, ақындық, серілік Балуан Шолақтың бір басынан табылады. Оның барған аулы ұлы думанға айналады. Жиналған жұрт оның бойынан мін тапқан жоқ.

«Сегіз қырлы» дейтін жігіт осындай-ақ болар, – десті жұрт.

Балықтар әлемі

II. Балық – желбезекпен тыныс алатын, дене температурасы тұрақсыз, аяқ орнына жүзу қанаттары бар омыртқалы су **хайуанаты. Балықтың** құйрығы етті және жақсы дамыған. Қарынның екі жағында құйрығы мен арқасында **«қанаттары»** бар. Түсі тіршілік ортасына сәйкес келеді. Балықтың еті, уылдырығы, кейбір түрінің терісі пайдаланады. Балықтың улы түрлері де бар. Әлемде қаны түссіз , мөлдір балықтар да **тіршілік етеді.**

(«Балықтар әлемі» кітабынан)

2-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі ауыспалы мағынадағы сөздерді талда

1. Анамның тілі-аяулы үні.
2. Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.
3. Ата – асқар тау,
   Ана – баурындағы бұлақ.
   Бала – жағасындағы құрақ.
4. Атың болмаса,
   Аяғыңа жалын.
   Аяғың болмаса,
   Таяғыңа жалын.

3-тапсырма. Төменде берілген сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрастырып жаз. Осы сөздер әр сөйлемде қандай мағынаға ие болып тұрғанын айқында

Көрме. Сана. Үй. Сым. Ай. Көз. Жаз. Қу. Ер. Көш.

4- тапсырма. Төмендегі сөйлемдердің тура және ауыспалы мағынада қолданылғанын ажыратыңыз.

Майлаңқы сақал – мұрттар бір-бір желпісіп қалды. Бүгін неше сақал қырдың? (Ә. Кекілбаев). Жұрт сені мақтай бастады, Костя! – деді. Қияқты қара мұрт, қалың қара сақал, ақ кіре бастаған бурыл самай бұрын бір көрген адамның түсін жасырған тәрізді. Еңсесі биік көпір үстінен Жайықтың екі беті кеңірек көзге түсті. ...Қазір ашаң жүзді, қыр мұрынды, бойшаң болуға бет алыпты. – Бетім-ау, Қайрошпысың? – деді (Ғ.Мүсірепов). Анадағы екі беті бал-бұл жанған Жүніс батыр жым-жылас жоқ. Ақ патшаның жол жағынан шығып қалмау керек. Ақ жал толқын арқалаған ақ боз жылқы алдыңғы аяғын аспандай көтеріп, суды тағы да тарпып-тарпып қалды. ... Кең баспанада өңшең бір дағарадай қызыл түлкі тымақтан көз тұнады, өңшең бір қасқыр ішік, өңшең бір күмістелген кісі белбеу (Ә.Кекілбаев).

5-тапсырма. Мәтіндегі асты сызылған сөздердің мағыналарын түсіндірме сөздік бойынша анықтаңыз.

Ханды қабылдауға тігілген үйге одан өзге бұйым қойылмапты. **Көн** исі шығып кетеді деп **саба** да асылмапты. Мұрттары енді түлеген он шақты жігіт қайыңнан жасалған шара табақтарға мөлтілдете құйып қымыз әкелді. Арғын батырдың ағыл-тегіл қонақасысы басталды. ***Қысырақтың*** қымызы, ***құр тайдың*** қазысы, қыста сойылған жабағының мүйіз сүрі, уызға салып пісірген **сырбаз**, булап пісірген **бағылан** ...-**нелер жылы-жұмсақ шетінен бір ауыз тиіліп жатыр**. **Ертеңіне Жәнібек меймандарын бәйге шаптырып, палуан күрестіріп, жамбы** атыстырып қызықтатты. ... Қалың тал сайын бір миясар, біреуі-зергер, біреуі-ұста, біреуі-ісмер. (Ә.Кекілбаев).

6- тапсырма. Төмендегі кестені толтырыңыз.

№	Мысалдар	Тура мағына	Ауыспалы мағына	Сөйлем құраңыз
1.	Қырманның басында		+	Қырман басына өзі бас-көз болды.
	Адамның басында	+		Адамның басынан небір қиыншылықтар өтеді.
2.	Өткір қайшы			
	Өткір көз			
3.	Қара тас			
	Қара ниет			
4	Суық су			
	Суық хабар			
5.	Ашық есік			
	Ашық мінез			
6.	Майлы ет			
	Майлы дастархан			

7- тапсырма. Тура мағыналы сөзді көрсетіңіз. А.*Ой сәулесі.* Ә. **Күн сәулесі.** Б. Көңіл сәулесі. В. Өмір сәулесі. Д. Нұр сәулесі.

Үйге тапсырма: 1.Төмендегі тест тапсырмаларын шешу

2. Сөздің тура , ауыспалы мағынасына 6 мысал жазып келу.

1. Ауыспалы мағынада тұрған сөзді тап.

А) Төре болдың, **бас болдың**, Көкірегінді кермедің!

В) Ақ сүт берген анашым.

С) Ақ торғын шәлі.

Д) Ақ жігіт.

Е) Ақ көйлек.

2. Сөздің тура мағынасын табыңыз.

А. Қалған ас *итке* төгілді.

В. Шәугімдегі судың қалғанын төкті.

С. Суық жаңбыр төгіп өтті.

Д. Қадиша **күл төкті.**

Е. Домбырадан күй төкті. .

3. Ауыспалы мағынада тұрған сөз тіркесін тап.

А. Терең көл. Д. Темір күрек.

В. Терең ой. Е.Жылы су.

С. Адамның басы.

4. Тура мағынада қолданылып тұрған сөзді табыңыз.

А. Қалың тұман. Д. Қалың жаңбыр.

В. Қалың жылқы.

С. Қалың кітап. Е. Қалың тоғай.

5. Тура мағынада қолданылып тұрған сөзді табыңыз.

А. Биік сезім. Д. Биік сөз.

В. Биік ой. **Е. Биік тау.**

С. Биік тұлға.

6. Сөздің тура мағынасын табыңыз.

А. Ұлы іс. Д. Ұлы жүз.

В. Ұлыстың ұлы күні. **Е. Ұлы келді.**

С. Ұлы адам.

7. Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз

А. Шеберлікті ұштау. Д. Қаламды ұштау.

В. Найзаны ұштау. Е. Қарындашты ұштау.

С. Қайланы ұштау.

8. Тура мағыналы сөзді табыңыз.

А. Ат арылту. Д. Ат ізін суытпау.

В. Ат ойнату. **Е. Ат сату.**

С. Ат салысу.

9. Тура мағыналы тіркесті табыңыз.

А. Жарқын жүзді. Д. Жүзі жылы.

В. Су жүрек. Е. Қабағын түйді.

С. Қызыл алма.

10. Тура мағынаны табыңыз.

А. Жуан жіп.

В. Жуан ақын.

С. Жуан дауыс.

Д. Жуан жәшік.

Е. Қара тер.

Фразеологизмдердің мақал–мәтелдерден айырмашылығы

Фразеолгизмдер (тұрақты тіркестер) – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағына беретін сөз тіркестері.

Мысалы:

Тұрақты тіркес	Мағынасы
Қас пен көздің арасында	жылдам, тез
Ернін шығарды	Мазақтады

Аймандай қылды	әшкереледі
Жағасын ұстау	Таңдану
Жер болу	Ұялу

Негізгі ерекшеліктері:

1. Құрамындағы сөздердің орнын ауыстыра алмаймыз;
2. Басқа сөзбен алмастыра алмаймыз;
3. Сыңарлары тұтасып барып, бір мағынаны білдіреді;
4. Тұрақты тіркестер даяр қалпында қолданылады.

Мысалы:

Тұрақты тіркес	беретін мағынасы	ерекшелігі
1.Ат ойнатты.	басынды.	жылқы ойнатты деп алмастыра алиаймыз.
2.Бармағын тістеді.	өкінді.	қолын тістеді деп өзгерте алмаймыз. т.б.

5. Тұрақты тіркестер сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады

Мысалы: Ол көзді ашып – жұмғанша жетіп келді (тұрақты тіркесі – көзді ашып – жұмғанша, сұрағы – қалай? – пысықтауыш қызметін атқарып тұр).

Мақал-мәтелдер-көлемі қысқа және терең ой, көп мағына беретін сөздер.

Мәтелдерде ой-пікір бейнелі әрі тұспалдап айтылған ишара түрінде болады.

Ерекшеліктері:

Мақал	мәтел
1. Тұрақты тіркес сияқты ондағы сөздердің орнын ауыстыруға немесе басқа сөздермен алмастыруға болмайды. 2. Бұрыннан қалыптасқан даяр қалпында қолданылады. 3. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіріп, белгілі бір тұжырым жасайды. 4. Ой нақты айтылады. 5. Ақыл-кеңес, үлгі-өнеге түрінде келеді. 6. Мақалдардағы сөздердің әрқайсысына жеке-жеке сұрақ қойылады. 7. Құрамындағы әр сөз жеке бір сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады	1.Мағынасы ашық болмайды, ишарамен, тұспалмен айтылады, әрі сөйлемдері аяқталмай, толымсыз болып келеді. 2. Мәтелдер астарлы мағынада қолданылады. Мысалы, Қалауың тапса, қар жанар деген жұмбақталып, астарлы мағынада тұр.

Фразеологизмдердің мақал –мәтелдерден ерекшеліктері:

Фразеолгизмдер	мақал-мәтелдер
1. Құрамындағы әр сөз жеке сұраққа жауап бере алмайды. 2. Бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.	1. Мақал-мәтелдердегі сөздердің әрқайсысына жеке-жеке сұрақ қойылады. 2. Құрамындағы әр сөз жеке бір сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады.

1-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерден тұрақты тіркестерді тауып, теріп жаз, беретін мағынасын анықта

Игілік би ұзын арқан, кең тұсаумен маңайынан ұзатпай, өрелеп ұстайды. (Ғ.М.) 2. Тайжан өкпесін қолына ала Мақсұттың үйіне қарай бар пәрменімен жүгіре жөнелді. (С.М.) 3. Игілікті тап осы тұста дедектетіп, Наурызбайға әкетіп еді.4. (Ғ.М.) Мен зауытқа жақындай бергенімде, еңгезердей біреу дедек қағып келе жатты.(Қ.Ә.) 5. Күлін көкке ұшырып, Тастайық шауып тамырын.(Ж.Ж.) 6. Төбем көкке жетіпті, Есімнен шығып кетіпті, Жаяу жүрген мың күнім.(С.Керім.) 7. Соған көз қырыңды сал, балам (М.И.) 8. Бала кірпік қақпай,көрер таңды көзбен атырды.(М.М.) 9. Раушан қалтырап тұр, өкпесі аузына тығылып сөйлеуге ерік бермейтін секілді.(Б.М.) 10. Қысылып маңдайынан тер сыпырды. (С.М.)

2-тапсырма. Мына сөздердің қайсысы тұрақты тіркеске жатады? Астын сызып көрсет, дәлелде

Тілі мірдің оғындай, қыстырма сөз, сын және өзара сын, ет пісірім уақыт, аузынан түскендей, ежелгі дұшпан, жүрегінің түгі бар, құлаққа ұрған танадай, ынта – жігер, білімді жігіт, жаны зәр түбіне жету, көз сүзу, құралайды көзге атқан, домбыра шерткен, шыр бітпеді, шытынай қалды, түбіне жету, алып беру, үріп ауызға салғандай, суретін салып беру.

3- тапсырма: Төмендегі сөздерді мағынасына сәйкес қандай тұрақты тіркеспен айтуға болады?

1.Жек көру----------, 4. сорлы---------- ,
2.өнерлі----------, 5. сөйлей алмау----------,
3. қуану----------, 6. есейген---------- ,

4- тапсырма. Мақалдарды бір бөлек, мәтелдерді бір бөлек теріп жаз

1. Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады. 2.Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз.3. Ұрлық түбі – қорлық.4. Ана баулыған бала епті, әке баулыған бала есті. 5.Анасын сүйгеннің баласын сүй. 6.Суға кеткен тал қармайды. 7. Біреу күн нұрына малынса, біреуай сәулесіне зәру.8. Қыздың көзі қызылда. 9. Әке жүрегі таудан үлкен, ана жүрегі теңіздең терең. 10. Ең әдемі сөз – ақылды сөз.11.Әлін білмеген әлек. 12. Кемедегінің жаны бір.

5- тапсырма. Төменде келтірілген сөйлемдерден тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді ажырат. Асты сызылған сөйлемдерді сөйлем мүшесіне қарай талда.

1. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ. 2. Алтау ала болса , ауыздағы кетеді. 3. Ішіңді жылан жайлап отыр ма? 4. Ілуде біреу кездесер. 5. Қара қылды қақ жарған адам. 6. Ешкім батыр болып тумайды. 7. Армансыз адам – ормансыз бұлбұл.

6- тапсырма. Жоғарыдағы тапсырмалардан тұрақты тіркестердің өзіндік ерекшеліктерін мысалмен қорытындыла

7-тапсырма. Төменде келтірілген тұрақты тіркестердің мағынасын анықта және осы тұрақты тіркестерді қатыстыра отырып сөйлем құрастырып жаз

№	Тұрақты тіркестер	Беретін мағынасы
1	Жылан жалағандай	Түк қалдырмау
2	Кірпік қақпау	
3	Жүзіктің көзінен өткендей	
4	Қысыр әңгіме	
5	Қолы ашық	
6	Шыр бітпеді	
7	Мәмпи ауыз	
8	Іші ауыру	
9	Сілесі қату	
10	Ісі өрге баспады	

Үлгі: Үйдің ішін жылан жалағандай қылдырып қойыпсың ғой

Фразеологизмдердің антониммен байланыстылығы

Ереже. Антоним дегеніміз-мағыналары бір-біріне қарама қарсы сөздер

Мысалы: Қараңғы түн – жарық түн. Жылы қабақ – салқын қабақ. Батыр адам – қорқақ адам. Арыстандай айбатты батыр адам – қоян жүрек – қорқақ адам. Дос – дұшпан. Су жүрек – жүрек жұтқан.

Ескету. Тұрақты тіркестер мән-мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы (антоним) болып та келеді

Мысалы: Ит терісін басына қаптады (ұрысты) – басынан сипады (аяды). Ат ізін салмады (қатынаспады, келмей кетті) – ат ізін құрғатпады (жиі қатынау). Бетінен оты шықты (ұялды) – беті бүлк етпеді (ұялған жоқ).

1-тапсырма. Төменде берілген сөздердің тұрақты тіркес түріндегі антонимдерін теріп жазыңыздар

Үлгі: Жуас – қой аузынан шөп алмас (тұрақты тіркес түріндегі сөзі). Жуас – әпербақан (шаш ал десе, бас алатын адам – тұрақты тіркес түріндегі антонимі). Бас имеу – (келіспеу) – бас изеу (келісу). Ағынан жарылды (ештеңені жасырмады) – жұмған аузын ашпады).

Сөзшең, кір, жас, алыс.

2-тапсырма .Тұрақты тіркестерді мағынасымен жұптастырыңыз

Үлгі: Дымын шығармау ---- үндемеу

1. Бармағын тістеді	сескенді
2. Аузының салымы бар	қылқындыру

3. Жағадан алу	несібелі
4. Арқасы мұздап қоя берді	әлек салды
5. Арнасына түсті	жомарт
6. Бүйідей тиді	өкінді
7. Қолы ашық	ашуы тарқады
8. Кірпідей жиырылу	сорлы
9. Қу маңдай	жақтырмау
10. Қанды балақ	желіктірді
11. Қолтыққа су бүрікті	озбыр
12. Қызыл сирақ	титығу
13. Ұрты солу	кедей
14. Табанынан сарылу	жүдеу

3-тапсырма. Төменде берілген тұрақты тіркестердің сыңарын тауып жалғастырыңыз және сөйлем құрастырыңыз

1.Екі езуі .... , 2. Табан ақы .... , 3. Бетінен ... ... , 4. Шіріген .... . 5. Аузының салымы ... . 6. Таяқ .... 7. Бүйідей .... . 8. Еңсесі ... . 9. Жағасын ... . 10. Айтаққа ... . 11. Ала көзімен ... . 12. Ақ ... . 13. Қу ... . 14. Иін ... . 15. Қылышынан ... ... 16. Жүндей ... . 17. Жыртысын ... . 18. Жер ... . 19. Жібі ... . 20. Жүзі ... . 21. Қысыр ... . 22. Құрығы ... . 23. Қауқары ... . 24. Ит ... .

4-тапсырма . I.Антонимдес тұрақты тіркесті табыңыз

1. Су жүрек – жүрек жұтқан
2. Мойнына су кету – ит өлген жер
3. Мұрнын шүйіру – менсінбеу
4. Тонның ішкі бауындай – қара қылды қақ жару.

II. Тұрақты тіркесті тіл білімінің қай саласы қарастырады?

1. Семасиология
2. Морфология
3. Фонетика
4. синтаксис
5. Фразеология

5-тапсырма.Тұрақты тіркестердің антонимдерін тұрақты тіркеспен жазып көрсетіңіз

Үлгі. Қабағы ашылды –шытынай қалды.

Көзі ашық, таяқ тастам, жүрек жұтқан, тайға таңба басқандай, тонның ішкі бауындай, біреудің ала жібін аттамау.

6-тапсырма. Үйге тапсырма. Төмендегі тұрақты тіркестерден фразеологиялық тіркестерді бір бөлек, мақал-мәтелдерді бір бөлек, жай тіркестерді бір бөлек топтап жазыңыздар

Ит арқасы қиян, дауыссыз дыбыс, құлаққа ұрған танадай, ет пісірім уақыт, өзара сын, су жұқпау, тіл – аузым тасқа, қоғамдық меншік, қолды болу, тісін қайрау, ежелгі дұшпан ел болмас, Сырдың суы сирағынан келмеу, ер шекіспей бекіспейді, ит терісін басына қаптау, санын соғып қалу, халықаралық жағдай, нарттай жану, білекті бірді жығады, салы суға кету, Отан үшін отқа түс, тіс жармау, ғалымның өзі өлсе де, сөзі өлмейді.

Үлгі:

Тұрақты тіркестер. **Мақалдар.** **Сөз тіркестері.**

Мақалдың мәтелден айырмашылығы

Мақал-өмір құбылысын жинақтай отырып, түйінді пікір айтатын сөз өрнегі

Мақалдың мәтелден ерекшелігі:

1. Құрылысы жағынан екі-үш бөлімді болады
2. Ой нақты айтылады
3. Ақыл-кеңес, үлгі-өнеге түрінде айтылады
4. Онда жалпы ереже, анықталған қағидалар айтылады
5. Ырғақ, ұйқасқа құрылады, көбінесе көркем тілмен-өлеңмен өріледі
6. Мақалдарда бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар мен нәрселер салыстырылады

Мысалы: 1.Толмасқа құйма, тоймасқа берме (тиянақты ойды білдіріп тұр, айтылған ой түсінікті)

2. Жері байдың елі бай
3. Жақсы бала-елінің қуанышы
4. Жаманға шөп батады,

Жақсыға сөз батады.

Мәтелдің ерекшелігі:

1. Мәтел-жеке тұрып тиянақты ойды бере алмайды
2. Тек белгілі бір ойды , пікірді ажарлай, айқындау үшін қолданылады
3. Эпитет, теңеу қызметтерін атқарады
4. Сөйлемдері аяқталмай, толымсыз болып келеді
5. Мәтелдер астарлы мағынада қолданылады
6. Қорытынды ой, түйін айтылмайды (тыңдаушы өзі қорытады)

Мысалы: 1. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді

2. Үй менікі демеңіз, үй артында кісі бар
3. Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда
4. Көргеннен көз ақы ал.
5. Әлін білмеген әлек.
6. Көппен көрген ұлы той.
7. Кемедегінің жаны бір.

1-тапсырма. Мақалдарды оқып, мағынасын түсіндір.

1.Ана баулыған бала епті, әке баулыған бала есті. 2. Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер. 3. Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтірер. 4. Өсер елдің ақыны көп, өшер елдің әкімі көп. 5. Жақсының жүзі жарқын. 6. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. 7. Әдебі жақсы-әдемі. 8. Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі. 9. Батыр майданда, болат қайнауда шынығады. 10. Өнерлі жігіт өрде озар.

2-тапсырма. 1. Мақалдарды бір бөлек, мәтелдерді бір бөлек ажыратыңдар. 2. Мақал мен мәтелге тән негізгі ерекшеліктерді табыңдар.

1.Жігітке жетпіс өнер де аз. 2. Өсер елдің баласы арманшыл келеді. 3. Ерлік білекте емес, жүректе.4. суға кеткен тал қармайды. 5. Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз. 6.Көп түкірсе , көл. 7. Жақсы қыз-жағадағы құндыз, жақсы жігіт- аспандағы жұлдыз. 8. Ақымақ бастан ақыл шықпас, ақыл шықса да, мақұл шықпас. 9. Бала-ата-ананың бауыр еті. 10. Елін сүйген ер болар.

3-тапсырма. Мақал –мәтелдердің сыңарларын табыңдар.

1. Көп сөз- көмір, ... _____
2. Аңғармай сөйлеген ... _____
3. Елін сүйген ер ... . _____
4. Кісінің кісілігі киімінде емес, ... _____
5. Қолы қимылдағанның ... . _____
6. Біреуге ор қазба , ... _____
7. Кәріге құрмет- ... . _____
8. Баланың ұяты әкеге, ... _____
9. Әркімнің өзі шығар ... ... _____
10. Ұстаның бізі сүйкімді, Жақсының ... . _____

4-тапсырма. «Баланың бас ұстазы – ата-анасы» деген тақырыпта өз ойынды мақал-мәтелдерді қатыстыра отырып жаз

5-тапсырма. Тест тапсырмаларынан мақал –мәтелдерді ажырат

1.Мақалдардағы антонимдік қолданыстағы сөздерді табыңыз

В. Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында
А. Көп түкірсе көл болады
С. Ер жолдасы –тәуекел
Д. Айласыз батыр алданар
Е. Оқ жетпес жерге қылышыңды суырма

2. Мақалды көрсетіңіз

А. Көптің құрығы ұзын
В. Құрғақ қасық – ауыз жыртар
С. Ақылы асқанды аға тұт
Д. Ақ түйенің қарны жарылды

3. Мәтелді ажыратыңыз

А. Тіл –күшті қару

В. Тілі күрмелді

С. От тілді, орақ ауызды

Д. Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен

Е. Тіл мен жаққа сүйену

4. Мәтелге тән белгі

А. Сөйлем дәрежесінде болады

В. Даналық пікір қорытылады

С. Ой аяқталады

Д. Сөйлем тұжырымды

Е. Ой аяқталмай, сөз ишара түрінде беріледі

5. Мақалға тән белгі

А. Сөйлем дәрежесі болмайды

В. Ой аяқталады, тұжырымды

С. Ой аяқталмайды

Д. Сөйлем қорытылмайды

Е. Сөз тіркесі түрінде келеді

6. Қайсысы мақалға жатады?

А. Еңбеккердің ұйқысы аз

В. Қой семізін таңдады

С. Атан түйе арымас

Д. Күш білімде

Е. Мәуелі ағаш өсіп тұр

7. Мақалдан антонимді табыңыз

А. Білекті бірді жығады

В. Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын

С. Білімдінің күні жарық

Д. Еңбек түбі –береке

Е. Досы көппен сыйлас

8. Мақалдардағы антонимдік қолданыстағы сөзді табыңыз

А. *Отан от басынан* басталады

В. Кісінің шырайына қарама, райына қара

С. Жығылсаң, нардан жығыл

Д. Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам

Е. Ер дәулеті – еңбек

9. Мәтелді табыңыз

А. Егін екпесең, елге өкпелеме

В. Егін ексең, ішерсің тегін,

С. Қаз ашуын тырнадан алады

Д. Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады

Е. Ойлы бала

10. Мақалды ажыратыңыз

А. Еңбек етсең, емерсің

В. Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады

С. Бала өсті

Д. Салы суға кетті

Е. Ат жалын кес

6-тапсырма. «Ана баулыған бала епті,
«Әке баулыған бала есті» деген мақалдың мағынасын ашатындай ойтолғау жазу

Көп мағыналы сөздердің бір негізден шығатындығы

Сөздің тура мағынасымен қатар қосымша туынды мағыналары да болады. Соның нәтижесінде сөздік қордағы сөздер үнемі сан жағынан да, сапа жағынан да дамып, жетіліп, тілдің байлығы артып отырады.

Сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуын сөздің көп мағыналағы дейміз.

Негізгі ерекшеліктері:

1. Көп мағыналаы сөздер бір негізден таралады
2. Бір сөз табына қатысты болады
3. Әр сөйлемде бір ғана мағынаны білдіреді
4. Көп мағыналы сөздердің арасында мағыналық ұқсастық болады

Мысалы: Бет. (зат есім) – 1. Адамның беті – сұрағы –адамның несі? – беті-зат есім. 2. **Судың беті** – сұрағы-судың несі? – беті – зат есім. 3. **Кітаптың беті** – сұрағы – кітаптың несі? – беті – зат есім.

Ескерту: Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығында да бір ғана сұраққа жауап беріп, бір ғана сөз табына қатысты болып тұр.

1-тапсырма. Көп мағыналы сөздердің бәрі де бір ғана сөз табына қатысты болатындығына көз жеткізіңдер. Төмендегі сөздердің қосымша туынды мағыналарын анықтап, кестені толтырыңдар

Көп мағыналы сөздер	Бастапқы мағынасы	Туынды мағынасы
Кілт	Құлыптың ашқышы	Көңіл кілті
Жал		
Асыл		
Көз		
Жан		
Кең		
Жас		

2-тапсырма. Мәтіннен көп мағыналы сөздерді тап

Жақып, тұнжырама, аш қабағыңды! (Ғ. Мұстафин). Жайықтың жар қабағының астын кеулеп кеткен кең бір үңгір бар екен. Жасырынып жар қабақтың астында отырғанымызда Петр өзенің бір байқауын айтты. Аспан қабағы да тұнжырап қалған екен (Ә.Сәрсенбеаев). Қарсы жағалауда қабағын

ашпай түйіліп Петропавловск қорғаны тұр (Ә. Кекілбаев). Көк жүзіне түбіттей түтіліп шүйке-шүйке ақ бұлттар көтерілді. – Өнерлі бала екен, – деді ақ жүзі жылып (Ғ. Мүсірепов). Ханзаданың құп-қу жүзіне қан лып етті. Кіші жүз бен Орта жүздің арасы жарасса, олар да қазақ ұлыстарына қарай аяғын аңдып басады.

(Ә. Кекілбаев).

3-тапсырма. Берілген сөздердің көп мағыналы мәндерін көрсетіп жаз және олармен сөйлем құрастыр

Түп, іші, басы, арық, ақ, көз.

Көп мағыналы сөздердің омониммен ұқсастығы

Біркелкі дыбысталып айтылатын, бірақ мағынасы басқа – басқа сөздердің тобын омонимдер деп айтамыз

Мысалы. 1. Ақ. – етістік; су ағу; 2. Ақ. – сын есім; ақ көйлек;

1. Ат. – етістік; мылтық ату; 2. Ат – жылқы; ерттеулі ат; 3. Ат – зат есім, аты – Ахмет ;

Омонимдердің көп мағыналы сөздерден айырмашылығы:

1. Омоним сөз жеке тұрып, бірнеше мағынаны білдіреді.
2. Омоним сөздердің арасында мағыналық ұқсастық болмайды.
3. Омоним сөздер әр сөйлемде әр сөз табының сұрағына жауап береді де, әр сөз табына қатысты болады.
4. Әр сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

1-тапсырма. Төмендегі сөздердің тілде қандай мағынада қолданылатынын мысалдар арқылы дәлелдеңіз

Қас, жау, қыс , от, жаз, жалын, сал, жай.

2- тапсырма. Сөйлемдерден омоним сөздерді табыңыз, олардың мағыналарын анықтаңыз

Ойыма келген нәрселерді жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын (Абай). Қой – ешкі, өріске кеткенімен, ауыл ақтан тарылмай отырған сияқты (С. Ерубаев). Жұмыр басты пендеге ақ өлім (Мәтел). Талайды осы күні ақ жүрмін көріп, жалқауды қақпайлайсыз аттай мініп (С. Торайғырыов). Үстінде қызыл торғын шапан, омырауында алтын алқа (И. Байзақов). Әнім бар алғыс атты, махаббатты, Алқа топ алдын көрген жерде айтылар (Қ. Аманжолов). Бұл ақ тікен құрай болып өсетін алқа дейтін арамшөпке туыстас өсімдік (Б.Мұқанов).

4-тапсырма. Төмендегі омоним сөздердің мағынасына мысал жазыңыз

Түс, ер, қой, аяқ, қорық, айт, ана, жай.

5-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерден көп мағыналы және омонимдік қолданыста қолданылып тұрған сөздерді ажыратыңыз

1. Ас қадірін білмесең, ашаршылық берер сазаңды, ат қадірін білмесең, жаяушылық берер сазаңды. 2. Білген кісі тауып айтады, білмеген кісі қауып айтады. 3. Жолдан шаршаңқырап келген Ақан теректен ойып жасаған домбырасымен әсем бір саздарды жеңіл қағып тартты да, «Маңмаңгерді» тербеп кетті. 4. «Көп көтерген жүк жеңіл», – дейді халық мақалы. 5. Адалдық – достықтың ұлы заңы. 6. Бас киімінді айналдырып киме. 7. Бір қолмен нан үзбе. 8. Тамақты асығып ішпе. 9. Тек жігерлі адамдар ғана алға қойған арман-мүддесіне қол жеткізетіні сөзсіз. 10. – Менің жүзім екеу! – деп мақтанды Қайшы. 11. Ара жуан бөренені әрең кесті.

6- тапсырма Қол, сабақ , қой, сіңір, жүз, ақ , күл, тамақ деген сөздердің омонимдік мағынасын ашатындай сөйлем құрастырыңыз және сөйлемде қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтаңыз

Антонимдердің болымсыз мағынадан айырмашылығы

Ереже. **Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздерді антонимдер деп атаймыз.**

Мысалы: жақсы – жаман, үлкен – кіші, кең – тар, жарық – қараңғы, қуаныш – реніш

Ескерту. 1. Антоним сөздерге болымды-болымсыз мағыналы сөздер жатпайды. Өйткені антоним мен жұрнақ арқылы жасалатын болымды – болымсыз мағына бірдей емес. Жұрнақ арқылы жасалатын болымсыз тұлғалы сөздерде антонимдік мағына бола бермейді.

Мысалы: барады – бармайды, таулы – таусыз. (Антоним емес, болымсыздық мағына).

2. Болымсыздық мағына емес, жоқ сөздерінің сөзге тіркесуі арқылы жасалады және түбірлері бір сөз болады. **Мысалы:** көк (көк түсті) – көк емес; алыс (қиян) – алыс емес, алды – алған жоқ, барды – барған жоқ, барған емес т.б.

3. Антоним болатын сөздерге емес, жоқ сөздері тіркеспейді.

4. Антоним болу үшін тек мағыналарының қарама-қарсы болғаны жеткіліксіз, олардың түбірлері де әртүрлі болуы керек.

Мысалы: жуас – асау, сөйлеу – үндемеу, күн – түн, жану – сөну т.б.

5. Антоним болу екі түлі сөздің сөйлемде не тіркесте қарама-қарсы мағынада болуымен бірге, олардың бір-бірімен жарыса айтылуына да байланысты болады. **Мысалы,** Абайдың жұмбақ өлеңін келтірейік:

Алла мықты жаратқан сегіз батыр,
Баяғыдан соғысып келе жатыр.
Кезек-кезек жығысып, жатып – тұрып,
Кім жығары белгісіз түбінде ақыр.

- Мұны тапсам, ойланып ақын деңіз,
Таба алмасам, ақылды болар неміз?
Қыс пене **жаз, күн** менен **түн, тақ** пене **жұп,**
Жақсылық пен жамандық болды сегіз.

Мұндағы антоним сөздер жарыса қолданылып тұр.

Ескерту. Қазақ тіліндегі антоним сөздер әдебиет теориясында антитеза ретінде қолданылады.

1- тапсырма. Сөйлемдерден антоним сөздерді тауып, астын сызыңыз, жасалу жолын түсіндіріңіз

Биік пен аласа, ұзын мен қысқа, көрікті мен көріксіз, шебер мен олақ, ғалым мен надан қатар келгенде араларындағы айырмасын анық көреміз. Тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана – саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек (А. Байтұрсынов). Астындағы аттары ық қай жақта, жел қай жақта екенін айыра алмай шырқ айналды (Ғ. Мүсірепов). Кең далалы, кең пейілді қазақпыз, құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз (Қ. Аманжолов). Екі жарты – бір бүтін (Мақал). Сабыр – күн түсірмейтін сая, асығыс – аунатып кететін мая (Мақал). Жасықтың көбінен асылдың азы артық (Мақал).

2-тапсырма. Төменде берілген фразалық тіркестердің антонимдік жұптарын табыңыз

Үлгі: бағы жанды – бағы тайды

Бағы жанды, есіне түсті, қоян жүрек, ант ішті, ит өлген жер, үміт үзу, бауырына тарту, тілі байланды, су жүрек, көкірегін көтеру, қабырғасы қайысу, қам көңіл.

3-тапсырма. Төменде келтірілген сөздердің антонимдік және болымсыздық мағыналарын анықтаңыз

Су жүрек, қорқақ, жаңа , аласа, сұлу, жас, алып, қараңғы, тез, шебер, зор.

4- тапсырма. Құрамында антоним сөздер кездесетін мақал – мәтелдер мен жұмбақтар жазыңыз

5-тапсырма (үй жұмысы) 1. «Білім-арзан, білу- қымбат» деген мақалдың мағынасын ашатындай ойтолғау жаз. Ондағы келтірілген антоним сөздерді анықта

2. Антоним мен болымсыз мағынаның өзіндік ерекшеліктерін жатта

Эвфемизмдердің табу сөздермен ұқсастығы

1. Эвфемизм дегеніміз – дөрекі, жағымсыз сөздерді сыпайылап, жанамалап өзгертіп қолдану тәсілі.

2. Эвфемизмнің мағынасы (гректің еи-жақсы, phemi- айтамын) – сыпайы сөз, мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу.

3. Эвфемизмдер – сыпайыгершілікке, әдептілікке байланысты туған сөздер, ол- тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтырып отыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдардың бірі.

Мысалы: адамның дене мүшелеріндегі кем-кетікті жеңіл сөздермен алмастырып қолданылады (саңырау – құлағының мүкісі бар).

4. Ол әдетте фразеологизм түрінде келеді.

Мысалы: аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықты – сөзге келді, тіл тигізді, жүз шайысты – ренжісті, ауыр сөздер айтты деген мағынаны білдіреді.

5. Эвфемизмдерді фразеологизмдер тобынан іздестіруге болады.

Табу (ағыл.inboo-қасиетті, тыйым салынған) – наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа байланысты сөздердің балама түрінде айтылуы. Табу сөз (бұрмалау) – қазақ дәстүрі бойынша айтуға тыйым салынғандықтан, бұрмалап айтылған сөз.

Табу – индонезия тіліндегі «тыйым салу» деген сөзден шыққан. Табу сөздердің көпшілігі наным – сенімге байланысты туған.

Табу сөздердің ерекшеліктері:

Қолданылуы жағынан табу сөздер екіге бөлінеді

Салт-дәстүрге, әдет – ғұрыпқа қатысты табу сөздер	Наным – сенімге қатысты табу сөздер
1. Ат тергеу (келіннің қайын жұртындағы үлкен – кішіге ат қоюы): төре бала, ерке қыз, кербез, жеңеше, т.б.	1. Жыртқыш аң – құс атауларын жанамалап айту: қасқыр – ұлыма, аты жаман, қарақұлақ, жыланды – ұзын, т.б.
2. Қайын жұртындағы адам аттарына енген зат атауларын астарлап айту. Айна апа – Беткөргіш апа 3. Ат тергеу жақындығына, жасына қарай қойылады. 4. Қайын ағаларының, енелерінің, апаларының аттарын бейнелеп, өзгертіп немесе мінез, сипат ерекшеліктерімен жұмбақтап айту. Мысала: Ұзын қайын аға, Үндемес апа, т.б.	2. Ауру атауларын тура айтпай, жұмсартып жеткізу: қылтамақ – жіңішке. 3.Табиғат құбылыстарын өзгертіп айту: найзағай – жасын, жай, т. б.

Табу сөздермен мен эвфемизмдердің ұқсастықтары:

1. Табу мен эвфемизм қате түсінік пен ескі көзқарастан тумаған, қайта әдепті, сыпайы сөйлеуден туған.

2. Екеуі де астарлы сөздер, өйткені оларға бір сөзді екінші сөзбен ауыстыру тәсілі тән

1- тапсырма. Мәтіннен табу сөздерді табыңыз

Кейде Абайды «Мәніке келіні осылай кекеп отыр» дегенді естігенде Әйгерім сыңғырлай күліп қалатын. Ол үшін ұялғандай, қып-қызыл болып отырып, бұ да бір күні өзінің сыпайы , шебер мысқылын айтқан:

Бір Әжекеңе, – деп, Ырғызбай деген атасының атын атай алмай, – екі бірдей кемеңгер қайдан ғана сыя алсын-ау! Абай білгіш болса, біздің Мәніке келін одан да озған. Бір қазанға екі дойдыр қошқардың басы сыймай жатқаны сол емес пе? (М.Әуезов).

- Кенженің көзі тірісінде, туысқан ішінде бір Шыраққа табынып кетті ғой. Маркұм, сол кезде-ақ қойны – қонышына жинағаны өңшең Шырақтың таратпасы болды ғой (М.Әуезов).

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да – Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас өңімізге қарап, мені Қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды (Б. Соқпақбаев).

- Мырза жігіт, шай қояйын ба, сорпа – суымыз пісіп тұр еді, соған қарамаймысың (Ғ.Мүсірепов). Сылдыраманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, білемені білеп – білеп, бауыздап келдім.

3-тапсырма. Мәтіндегі эвфемизм сөздерді тауып айтыңдар

Бәйбіше көшін жөнелтіп, әйелге құман ұстатып, түзге жөнелді (Ж.Аймауытов). Жаңа бұлар барса, қасқа дөнен ақырға құлап, көзі аларып, ана дүниеге кетіп бара жатады (О. С). Олар бүгін де қызыл өңеш болып жатыр екен (Ғ.М.) Ол бір оқыс сөйлейтін адам екен (Ғ.М.). Арамызда әлі де болса, қоғамдық пайдалы еңбектен тасалап жүретін ақ саусақтар аз емес (О.М.) Оның бір көзінің мүкістігі бар еді (Б.С.)

4-тапсырма. Төмендегі сөздерді эвфемизммен ауыстырып жазыңдар

Үлгі: Саңырау – құлағы жай естиді

Соқыр, ақсақ, жынды, топас, өсекші, ұры, мылқау

5-тапсырма. Балаға ат қоюға қатысты қандай сөздер мен сөз орамдарын білесіңдер?

6- тапсырма. Ауызекі тілдегі табу сөздер мен сыпай сөздердің орны қандай?

7-тапсырма (үйге). 1. Табу сөздер мен эвфемизм сөздердің негізгі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын жаттау

2. Көркем әдебиеттен бес мысалдан жазып келу

3. Өз жанұя мүшелеріндегі адамдарға табу сөздер ретінде ат қойып кел

Дисфемизмдердің эвфемизмдерден айырмашылықтары

Дисфемизмдер	Эвфемизмдер
1. Тілдегі әдепті сөздерді әдепсіз сөздермен ауыстырып айту.	1. Әдепсіз сөздерді жұмсартып, сыпайылап жеткізу.

2. Ауызекі тілдің сөйлеу үлгісі ретінде кейіпкердің тілінде ұшырасады 3 Сол арқылы әр жазушы қаһарманының мінез – құлқын, іс-әректін, ой - өрісін бейнелеп, нақтылы шынайы бейнесін жасайды. 4. Кемсіту, қорлау, мазақтау сөздер. 5. Дисфемизм көбінесе диалектілерде көп кездеседі. Мысалы: Жеңілетініңді білетін болсаң,сен бес **қырт (көк мылжың)** атанар ма едің? **бұт артар** (көлік мағынасында) мен **шаңырақ саларын (күш, көлік)** жауға берді.	2. Әдепті сөйлеуге жетелейді. 3. Тіл мәдениетін жетілдіреді. 4. Эвфемизм сөздер көркем әдебиет тіліне жатады. **Мысалы:** 1. Ол бір **сөзуарлау** (мылжың) кісі екен. 2. Сіз **қоспай** (өтірік айтпай) айтыңыз! 3. Біреудің **ала жібін аттамау** (ұрламау) керек. 4. Қолының **сұғанағы (ұрлығы)** бар адам. 5. Сіз **ақ саусақ** (жалқау) адам екенсіз.

1-тапсырма. Мәтіннен дөрекі, әдепсіз қолданылған сөздерді табыңыз.

1. - Мылжыңдап барасың ант ұрған:

2. - Құдай ақы, рас. Біздің қатыннан құрт сұрап әкетті.

3. - Тоқта қағынды! Оттай берсін! – деді (Ғ. Мұстафин).

4. Үйбай, шірік құл-ау! 5. Пысық болсаң, қашып кеткен қатыныңды тауып ал! 6. Күліп жатып: – Мейлі, екі ноғайдың бірі өліп, бірі қалсын! Менің нем кетеді! – деді өзі.

7. - Атаңның басы, жегесің! – деп Әбіш нағашысы Сатанды тойтарып тастады. 8. Ол есік алдына шыға салысымен ауылға айқай салды:

- О, өңшең иттер-ау! Мына ауылды қырасыңдар ма? О, иттер-ау, қырылғансыңдар ма? Құдыққа үймелеген жылқыға су құймай!.. деп ақсаңдай басып, құдық басына топырлаған жылқыға қарай кетті. Бәйбішенің ауылдың биі екенін ұғына бастаған Сатан ішінен:

- Бәлем, бәйбіше, сүйекшең келгендей бір шулатпасам, жігіт болмай жерге кірейін! – деп отыр (І. Жансүгіров) 8. Иттің малы, алдынан келсең-тістеп, артынан келсең – теуіп, жолатпап еді !

2-тапсырма. Төмендегі келтірілген сөйлемдерден тұрпайы, ұрыс – қарғыс, эвфемизм сөздерді теріп жазыңыз

1. Арқаңнан бұлай түйіп жібергенді білген емеспін. Басым қайқайып барып өкшеме тиді білем. Доғадай иіліп қалдым. 2. Дәукен үйіне келіп жеткен соң, үй адамдарына өз ішіндегісін ақтарып:

- Өңшең сан мүйіздің бас қосқан мәжілісі еді. Үрит, соқ ! Соқ ! – деп отырып молда мен мұғалімді сүзістіріп алдық, – деп сылқ-сылқ күлді. 3. Бұлардың малы бай болғанымен, бейілі кедей ...4. – Бір бәледен құтылдық па десек, түпке сақтағаның тағы бар екен ғой! 5. – Ойбай, мынау ырсылдақ қараның шабысы! Ол жетпей қоймайды. 6 Айда жөнел, комиссарлар бүгін де қызыл өңеш болысып жатыр екен (Ғ.М.). 7. Бір оқыс сөйлейтін адам екен: – Әй, шырақ, жақсы редактор боламын десең, сыбырлақ сынға пысқырма! Еріндерінің арасы ашылып, ақсиып, бетіне өлім таңбасы басыла бастады.

Кешікпей үзілді. 8. Арамқатқыр, жатқың келеме ме, немене өзі! – деген ащырақ дауыс шыққан соң, Айгүл әдейі солай қарап бұрылып келіп еді, Берден екен (Ғ.М.).

3-тапсырма. 1. Төмендегі дөрекі сөздерді тұрақты тіркеспен алмастырып жазыңыз

Үлгі: сорлы – қу маңдай

1. Озбыр ит, өлу, керең, жындандың ба? жыны қозу, тоймадың ба?
2. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

4 -тапсырма (үйге). Көркем әдебиеттен 5 мысалдан жазу

2. Дисфемизм мен эвфемизмнің негізі айырмашылықтары мен ұқсастық жақтарын жаттау

Кәсіби сөздердің термин сөздермен жақындығы

Кәсіби сөздер дегеніміз – жұрттың бәріне бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі бір кәсіппен я шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдардың арасында ғана айтылатын сөздер

Термин сөздер дегеніміз – ғылым, техника, өндіріс және т.б. саласындағы арнаулы зат атауларын білдіретін сөздер

Кәсіби сөздер мен термин сөздердің айырмашылықтары мен ұқсастық жақтары:

Кәсіби сөздер	Термин сөздер
Кәсіби сөздер үлкен 2 салаға бөлінеді 1. Қолөнершілікке (ағашшылық, өрімшілік, ұсталық, тоқымашылық, зергерлік т.б.) қатысты сөздер.Мысалы: пышқы (араның бір түрі), шербек (үлкен ара), ыңғыру (ағаш оятын құрал) т.б.	**Термин сөздер 2 түрлі жолмен жасалады** 1. Басқа тілден енген сөздерге баламасын табу 1) жергілікті және көне сөздер алынған: кеден – таможня, егемен – суверенитет, нарық – рынок, жарғы – устав, баб – статья т.б.
2. Ауыл шаруашылығына (мал, астық, балық, бау-бақша, темекі, мақта, күріш, қызылша) байланысты сөздер: 1) мақтаға қатысты: қоза (мақта өсімдігі), терімші (мақта теруші), 2) жүгері түрлері: дүмбі, пәшік, сота т.б. 3) қауын аттары: әңгелек, жәмше, торлама т.б. 4) қызылша шаруашылығына қатысты: қылша, түбір, өркен, жом т.б.	2. Тілімізге орыс тілі арқылы енген, қазақша баламалары жоқ интернационалдық терминдер. Мысалы: математика терминдері квадрат, куб, т.б. химия терминдері: аммиак азон, гидрат т.б. лингвистика терминдері лексика, морфология, диалект т.б.
3. Жеке бір ұғымды білдірмейді. Мағыналары тұрақты емес.	3. Термин сөздер жеке бір ұғымды білдереді сондықтан бір мағыналы болып келеді Мағынасы әрқашан тұрақты болады.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы кәсіби сөздердің түрлерін анықтаңыз

Өнерлі жастар

Біздің мектебімізде ұлттық өнерге көп көңіл бөлінеді. Осы мақсатта бірнеше үйірмелер жұмыс істейді. Біз де бос уақытымызда осы үйірмелерге қатысамыз. Менің әпкем қолөнер үйірмесіне қатысады. Онда балаларды тігіншілікке, тоқымашылыққа үйретеді. Менің әпкемнің үйірмеге қатысқанына 7-8 ай болды. Қазір ол киім тігу, кілем тоқу, ою жасау сияқты істерді жасай алады. Оның сөмкесінен жіп, жуалдыз, ине, тоқыма сымдары ,оймақ, қайшы сияқты бұйымдарды табасың.

Әпкеме еліктеп мен де ұсталыққа үйрететін үйірмеге қатысып жүрмін. Осы уақытқа дейін бізге сандық, кебеже, бесік, оқтау сияқты үй жиһаздарын жасауды үйретті (О.С.).

2-тапсырма. Берілген терминдерді ғылым саласына қатыстылығына қарай топтаңыздар

Сөйлем, магнит өрісі, бөлшектің алымы, үдеу, грамматика, экватор, глобус, бауырымен жорғалаушылар, климат, синоним, квадрат, полюс, меридиан, материк, эвфемизм, гимн

3-тапсырма. 1. Мәтіннен түлен аулауға байланысты кәсіби сөздерді теріп жазыңдар. **2.** Сөздіктерді пайдалана отырып, олардың мағынасын, қолданылу сипатын түсіндіріңдер. **3.** Мүмкіндігінше әдеби тілдегі синонимдерін келтіріңіздер

Итбалық теңізде, суда жүреді, теңіздің терең жерлерін мекен етеді. Жиі – жиі суға түсіп, қайта шығып, ауамен дем алады, балық жеп қоректенеді. Аушылар оны қыстығүні аулайды. Итбалық қыстығүні мұз үстінде күшіктейді. Бұл кезде итбалық мұзды үріп, одан шығып, күшіктеу үшін жайлы орын іздейді, мұз үстіндегі шиқанның күн бетіне барып балалайды.

Итбалықтың күшіктейтін кезінде аушылар сайланып теңізге шығады. Тереңдігі 5-6 құлаш жерге барған соң, бір жерге тұрақтайды, қосын тігеді, ауға керекті жарағын (багор, ілие, соққы) алып, атқа шана жегіп, итбалық аулайды. Ол аушылардың басшысы- атаманы болады.

Аушылар итбалықтың бар жерін іздейді, көбінесе шиқаны бар жерді қарастырады. Оның айналасында күшігендер ұшып жүреді. Себебі итбалық туған уақытта, оның қан –жынын жеп, күшігендер тамақтанады.

Аушылар шиқан маңайында жатқан итбалықты көріп, бұқпалап оларға жақын барады. Бірін –бірі көріп, итбалық та, аушы да үкіге жүгіреді.

Итбалық жаздығүні су ортасындағы көселерде де жүреді, аушылар өздерінің ыдысына мініп, түнде жағаға барады. Олар шешініп, жеңілтектеніп, көседегі итбалықты жан-жағынан орай қоршап алады. Ілмемен соғып, көседе *қанша итбалық болса, бәрін де босатпай соғып, аулап алады.*

4-тапсырма. М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан алынған төмендегі үзінділерден аңшылыққа байланысты кәсіби сөздерді теріп жазыңдар. Сөздіктерді пайдалана отырып, олардың мағынасын ашыңдар

1. Шәке енді бір азда Шыңғыс сыртындағы елсіз, иесіз боп қалған жайлауға бүркіт алып, мерген ертіп, аң сапарына шықпақшы екен. Бұл өңірдің аңшылары күздің осы шағында, сондай аңшылық жолына, «салбурынға» аттанушы еді. 2. Сол кезде Бәшейдің ұзын қара шитісі күрс етіп, қос ішіне бір будақ көк түтін таратты. Бәшей мылтығының түтіні айықпастан:

- Құлады! Тақыр қолтықтан! дей сала, сыртқа қарай атқи берді. 3. Үш қостың бар адамы бүгін мынау арқардың өзі келіп өлгенін соншалық жақсы ырым көрісті.

- Бүгін қанжыға майланайн деп тұр екен!

- Үйірімен үш тоғыз!

- Атты тез әкеліп, шәй-пәйді шапшаң қамдап жіберіңдер. Атқа тез қонайық! – деп, бұл үш қостың ең үлкен бүркітші, саятшысы – Тұрғанбай асығыс бұйрық етті.

4. Содан соң Шәке мен Тұрғанбай: «Осы өңірдегі бар құстың төресі – Түкі сыбан ішіндегі Тулақтың Қарашолағы. Енді ерегіскен соң, қыздың құнын берсе де, соны алғызу керек», – деген. Қарашолақтың жаздыгүні түлегін өзі басқарып, күз бойы өз аулында ұстап, қайырып, өз қолынан армансыз, қапысыз баптадым деген Тұрғанбай болатын. 5. Қазірде томағасы тартыла сала, қызыл көзін қағушының алдына шаншылта қадап отырған Қарашолақ, бір сәтте Тұрғанбайдың қолынан лып етіп, ытқып кетті.

5-тапсырма. Өздерін білетін өнер түрлерін, олардың әрқайсысына қатысты термин сөздерді топтап жазыңдар

6-тапсырма. Кәсіби сөздер мен термин сөздерді қалай ажыратуға болатынын мысалмен дәлелдеп айтып беріңдер

7-тапсырма (үйге). 1. Кәсіби сөздер мен термин сөздердің ұқсатық жақтары мен өзіндік айырмашылықтарын жаттау.

2. Ата-аналарыңның жұмыс істейтін кәсібіне қатысты термин сөздерді жинастырып жазу.

3. Әдебиет пәніне қатысты термин сөздерді қатыстыра отырып, «Әдебиет –сөз өнері» атты шағын ойтолғау жазу.

Синонимдік қатар , ондағы сөздердің мағыналық, реңктік ерекшеліктері

Синонимдер дегеніміз – мағыналары бір-біріне жақын, бірақ әртүрлі дыбысталып айтылатын сөздер.

Негізгі ерекшеліктері:

1.Сөздің дыбысталуында өзгешелік болу керек.

2. Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі керек.

3. Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуы керек.

4. Синонимдер мәтінде бір бірін алмастырған жағдайда бір ғана сөйлем мүшесінің (не толықтауыштың, не баяндауыштың, не анықтауыштың, не пысықтауыштың, не бастауыштың) қызметін атқарады.

Мысалы: **ас, тағам, дәм, ауқат дегендер –** синоним сөздер. Дыбысталуы, жазылуы әртүрлі. Беретін ұғымы бір. Сөз табы жағынан – **зат есім**, адам баласының жейтін қоректік заты. **Мысалы:** Қонақтарға берілген **ас** өте дәмді болды. Не? – деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде бастауыштың қызметін атқарып тұр.

Лексикадағы синонимдер лингвистикалық әдебиеттерде синонимдік қатар деп аталатын бірнеше топқа бөлінеді. Бұл қатарлар алдымен мағыналарының жақындығына байланысты өзара ауыса алатын жеке сөздер тобына бөлінеді. Мысалы: **мықты сөзінің синонимдері: берік, күшті, қуатты, әлуетті, қарулы.**

Синонимдік қатарлардың түрлері:

- **зат есімдерден болған синонимдер:** түс, келбет, өң, ажар, әлпет, кескін, дидар, шырай, түр, пішін;
- **сын есімдерден болған синонимдер:** салмақты, сабырлы, байыпты, ұстамды;
- **етістіктерден болған синонимдер:** амандасу, сәлемдесу, есендесу;
- **үстеулерден болған синонимдер:**тез, жылдам, шапшаң, лезде.

Синонимдік қатарлардың негізі мағыналық ерекшеліктері:

1. Синонимдік қатарға енетін сөздердің барлығы бірінің орнына бірі қолданыла бермейді.

2. Кейбір синоним сөздердің басқа сөздермен тіркесу қабілеті шектеулі болады.

Мысалы: **ақ, боз, шаңқан** деген сөздер, негізінен синоним сөздер, бірақ, оларды тәжірибеде қолданғанда сөз мағыналары стильдік жағынан түрленеді. Мысалы: **боз ат** деп айтуға болады, ал **ақ ат** немесе **шаңқан ат** деп айта алмаймыз.

3. Кейде қай синонимдердің болсын қолданылуында сөздердің сөздік мағынасы ерекше роль атқарады, себебібір сөздің көп жағдайда түрлі-түрлі мағынаға ие болатыны белгілі. Бұл сөз синоним тобына кіргенде, оның бұл жағдайда қай мағынада қолданылып отырғанын білу керек. **Мысалы:** **шет, жие, жаға** (өзеннің) сөздері бір-бірімен синоним сөздер. Яғни, көлдің жағасы, теңіздің шеті, көлдің жиегі тағы басқалар үнемі бір-біріне синоним болып келе бермейді. Өйткені олар белгілі бір топтағы ұғымды білдіру үшін қолданылады. **Мысалы: Алматының жиегі** демейміз, **Алматының шеті** деп айтамыз. Өйткені қазақ тіліндегі жиек сөзі жалпы заттардың емес, нақты зат жазық болса ғана ортадан шетке қарай айтылғанда қолданылады.Ол **өзен, көл, теңіз** секілді атаулармен тіркесе алады.

Мысалы:1. Көлдің шеті, жиегі, жағасы. **2.** Теңіздің шеті, жағасы, жиегі. **3.** Қаланың (ауылдың) шеті, маңайы, сырты.

1-тапсырма. 1. Синонимдерді тауып, қай сөз табынан жасалғанын анықтаңдар

2. Синонимдердің мағыналық реңкі мен стильдік ерекшелігін түсіндіріңдер

1. Маржан ентіккен бетінде жылдамдата сөйлеп кетті. **2.** Әке, бала үшеуі болып, шапшаңдатып пар атты доғарып болған соң ғана Абай Дәмежанға бастатып, бар топиы ілестіріп, үйге қарай жүрді (М.Ә.). **3.** Менің нағашым-өтірік айтпайтын инабатты адам. **4.** Сөйлесе сөзі әдепті һәм мағыналы, күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды. **5.** Кісі бетіне қарап көрмеген ибалы, атақты, асыл Қамарымыз жоқ жерден мұндай жалаға ұшырады. **6.** Қазіргі Тоғжан жүзінде Абайдың қиялынан бір шақ кетпейтін, үлбіреп, толқып лезде келіп, сәтте қайтып тұратын қызыл арай реңі жоқ (М.Ә.). **7.** Соғыста қорықпадым, түршікпедім деп ақымақ, мақтаншақтар айтады. Қорықпайтын пенде болмайды. *Жансыз темір емеспіз ғой, ой-түсінігі, сезгір жүйкесі бар, ет пен сүйектен* жаратылған адамбыз. Халқымның қасиетіне қара таңба бастырмаймын, елімнің еркіндігіне кісен салдырмаймын деген үлкен адамгершілік мағынадағы намыс болу керек (Б.М.). **8.** Жаз бен қыс қасарысып, қарсыласып айтысты. Абырой, даңқтарын айтысып көрісті. **9.** Адам тамақтанудан әл жияды, күш алады. **10.** Адамдардың жаны, тәні қайтадан ширап, бекиді.

2-тапсырма. Әр қатардағы синонимнің стильдік ерекшелігін аша алатындай етіп сөйлем құраңдар

1. Сабырлы, байсалды, салмақты, саңғаз. 2. Қайғыру, қапалану, уайымдау, налу, күйіну, мұңаю, қамығу.

2. Синонимдік қатар дегенді қалай түсінесіңдер?

3. Келтірілген синонимдер қай сөз табынан жасалған?

3-тапсырма. Сөйлемдерден синоним сөздерді табыңыз. Синонимдік қатар жасап тұрған сөздерді бірінің орнына бірін ауыстырып қолданыңыз, мағыналарын түсіндіріңіз

1. Көшенің бір бұлтарысында Қабылдаға кездесе кеттім (Ғ.М.). 2. Ертеңінен бідің вагонды сүйреп алып кетті де, Омбының вокзалына келіп тоқтады. 3. Темір жолдың бір қалтарысына итеріп апарып қойды (С.С.). 4. Қалиқанның ығында, қаға берісте отырып қалғандықтан, оның жасын көрген кісі болған жоқ (М.Ә.). 5. Жайымды айтып жалынып, Алмаған екем бітімді. («Қамбар батыр» жырынан). 6. Бүгін Абай көңілі дүниенің бар көрінісінің бітім, жарастық іздеген бір мейірімділік халінде (М.Ә.). 7. Түбін қазбаласа, шындық болып шыға келеді, келісім болғаны рас (Ж.Тілеков). 8. Жабырқап неге сөз қаттың, жат па едік, сірә, сіз бен біз (Ж. Саин). 9. Кішкентай қыз жабығу, қалығу яки жатырқау, тосырқау дегендерді білмейді (М. Иманжанов).

4-тапсырма. Мына сөздердің қос сөздерден жасалған синонимдерін табыңыз

Некен – саяқ, тамыр – таныс, телегей теңіз, құрал сайма.

5-тапсырма. 1. Синонимдерді табыңыз, синонимдік қолданыстардың қатарын жалғастырып жазыңыз

1. Ескі сөз-жаңа сөздің қазығы (Мақал). 2. Біраздан кейін бұған да етіміз үйреніп, қалыптасып кетеміз (Б. Соқпақбанв). 3. Жас мұғалімдерге жәрдем көрсетіп, оларға арнап ашық сабақтар жүргіземіз. 4. Мұнда бос сандалып елді шулатқанша, оқуың басталғанша әжеңе барып қолғабыс ет (Б. Соқпақбаев).

6-тапсырма (үйге). 1 . Мына сөздердің синонимдерін жазыңдар

Үлгі: Ұсақ – ұнтақ, уақ, майда, мықты, зұлымдық, кір, аласа, жау, қарт, сұлу, зәулім, бет.

2. Синонимдер мен синонимдік қатарлардың өзіндік ерекшеліктерін жаттау

Өтілген тақырыптар негізінде реферат қорғау «Сөз мағыналарының сөйлеу тіліне әсері»

II тарау. Қазақ тіліндегі қосымшалардың табиғаты, түрлері. Сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтардың ерекшеліктері

Қазақ тілінде қосымшаның 2 түрі бар. **Олар:** жұрнақ және жалғау.

Жұрнақтың рекшеліктері **(сөз тудырушы жұрнақ)**	**1.** Өзі жалғанған сөзге жаңа мағына береді, туынды сөз жасайды және жұрнақтар әр сөз табына қатысты, әр сөз табының өз жұрнағы болады **2.** Жұрнақтың екі түрі бар: сөз тудырушы жұрнақ және сөз түрлендіруші жұрнақ **3.** Сөз тудырушы жұрнақ түбірдің мағынасын өзгертіп, оған жаңа мағына береді, сөзді басқа сөз табына айналдырады. Сөз тудырушы жұрнақ түбірге басқа қосымшалардан бұрын жалғанады, өзі де туынды түбір жасайды. Мысалы: **мал+шы, өнер+паз, сый+ ла, қой + шы** т.б. **4.** Түбірге жұрнақ жалғанғаннан кейінгі форма туынды түбір деп аталады. Мысалы: **егін+ші+лік, ұйы+м+дас+тыр+у+шы +лық**, т.б. **5.** Орыс тілінде сөз тудыратын жұрнақтардан басқа сөз алдынан келетін префикстер де кездеседі. Мысалы: выход, переход т.б. Ал қазақ тілінде сөз алдынан келетін байырғы жұрнақтар жоқ, тек сөз алдынан келетін аздаған кірме қосымшалар ғана бар: - **на, -бей, - би-: намақұрым, наразы, бейшара, бисаясат, беймәлім** т.б. **6.** Бір сөзге бірнеше жұрнақ жалғана береді. **Мысалы:**

	жаз+у+шы+лық. **7.** Жұрнақ сөзге жалғаулардан бұрын жалғанады. **Мысалы: кітап+хана+лар+ды** т.б.
Сөз түрлендіруші жұрнақ	**1.** Жаңа сөз жасамайды. Сөздің бастапқы мағынасын өзгертпей, сәл ғана түрлендіреді. Мсыалы: үй +**шік,** сандық +**ша**, қала+**шық** т.б. **2.** Сөз түрлендіруші жұрнақтар орыс тілінде де бар, олардан есімше, көсемше, инфинитиф, шақ жұрнақтарын атауға болады

Жұрнақтар құрамы жағынан екіге бөлінеді: жалаң жұрнақтар және құранды жұрнақтар

Жалаң жұрнақтар деп мағына жағынан да, форма жағынан да бөлшектенбейтін бір бүтін жұрнақты айтамыз. **Мысалы: біл+ім, кес+пе, мал+шы, ұш+қыш, үй+шік, әке+лік** дегендердегі – **ім,- пе,-шы, - қыш,-шік,-лік жұрнақтары біртұтас жұрнақтар**

Құранды жұрнақтар – мағына жағынан бір бүтін бола тұрса да, құрамы жағынан екі немесе я онан да көп жалаң жұрнақтардан құралып жасалған жұрнақтар.

Мысалы: жай+шылық, бас+ыңқы, тұр+ғылықты, құр+анды дегендергі – **шылық, - ғылықты, - анды** деген жұрнақтар мағына жағынан бір бүтін болғанымен, құрамы жағынан күрделі жұрнақтар.

Құранды жұрнақтарға жататын жұрнақтар:

1. – ымды, - імді, – ұнамды, сүйкімді, т.б.
2. – ынды, - інді – асыранды, үйінді;
3. – малы,- мелі – жалғамалы, төгілмелі;
4. – қылықты, – кілікті – тыңғылықты, түпкілікті:
5. – нікі, – дікі- аттынікі, елдікі;
6. – ымпаз, – імпаз – жағымпаз, жеңімпаз:
7. – лаған, - леген – мыңдаған, елулеген;
8. - мсақ, – мсек – сұрамсақ, тілемсек;
9. – қыншақ, - кіншек – жұтқыншақ, жеткіншек;
10. –ыншақ, – іншек – ұрыншақ, сүріншек;
11. – шылық, – шілік – адамшылық, бүліншілік;
12. – сымақ, – сімек – арамсымақ, көлсімек;
13. – сыра, – сіре – қансыра, етсіре;
14. – ырай, – ірей – құжырай, күжірей;
15. – ырқан, – іркен – жабырқан, шіміркен;
16. – ыңқыра, – іңкіре – барыңқыра, жүріңкіре т.б.

1-тапсырма. Үзіндіден негізгі түбір мен туынды түбірді ажыратыңыздар

- Өз сүйегім, жат босағада жетімсірете алмаймын, – деген бір ауыз сөз әуелі Игіліктен шығып еді. Дауға түсіп, он жасар баланы әкеден қалған мал-мүлік, үй-күйімен көшіріп әкелу түгел осы Омардың қолына өтті. Сол мал түгел келді ме, жоқ па, Игілік оны қазбалаған жоқ, Омар осы күні ұмытып та кетті. Ылғи бір жүйрік шығатын күрең қасқаның тұқымын Игілік осы күнге дейін қолынан шығармайды. Қазір Игілік жылқысының көзге түсер бір түрі де сол күрең қасқалар болып кетті. Жетім баланың малынан Омардың қолына түскені күрең қасқа болмай, ала-құла болып, әр қолдан өтіп келіп еді. Бірақ қазір Омар отырған үй әлі сынын бермеген , әдемі ақ үй сол Сейіттің мұрасы. Үйдің ентаңбасы мен түсі-түгін өзгерте алмағандықтан, олардың көңіліне қобалжу кіргені де содан (Ғ.М.).

2-тапсырма. Мәтіндегі сөздерді құрамына қарай ажыратыңдар. Қосымшаларға түсінік беріп, олардың лексикалық, грамматикалық мағынаға қатысын анықтаңдар

Жапа-тармағай, әр күркенің жанында жұрт бүкшеңдеп, шапшаң қимылдасып, жуынысып жатыр. Жуынып болғандары күркелерінің шай жабдықтарын жасап, дастархан орнына ұстап жүрген кір-кір шаршыларын, орамалдарын, кенеп қаптарын жайып, нандарын турағалы даярласып жатыр. Қатын-қалашы бар қостардың шай жабдықтарын қатындары, балалары даярлап жатыр.

Темір жолдың екі жағында шұбалып, иіріліп жатқан қалың қала шымдай, жұмыскерлердің жатақтары жұмыскерлер қайтқан соң, жанданып кетті.

Аты барлары аттарын доғарып, байласты. Азын-аулақ сауын сиырлары жатаққа оралып, бұзау байлаған үйшіктерінің күркелерінің жандарына келді (С.С.).

3-тапсырма. Келтірілген сөздердің қосымшаларын тауып, олардың атқарып тұрған қызметтерін, сөз мағынасына әсерін анықтаңыздар. Әр қосымшаны құрамына қарай талдап, сөзде қандай тәртіппен жалғанғанын көрсетіңдер

I. Осы тәсілдердің біреуі мынау еді. Ақтың қосыны бір ауылға келіп түседі. Ауылға келісімен сасқан қасқырша алақтап, қол жұмсау, бассыздық, зорлық істей бастайды. Сол кезде, әлгі ақтар келген жақтан көз ұшында шауып келе жатқан бір атты кісі көрінеді.Ауыл адамдары үрпиісіп соған қарасып, қорқысып тұрады. Салт атты адам құйғытып, атын басқа – көзге «төпелеп» шапқан бойымен басындағы тымағын қолына алып, сілтеп, айғайлап лезде ауылға таянып келіп қалады (С.С.).

II. Толқыған теңіз. Кішкене қайықтағы жалғыз әйел. Түпсіз, шексіз толқын... алыста көк жиекте бұлттар. Толқын қайықты қисайтып, аударуға айналған. Әйел қисайып, құлап бара жатқан қайықты есіп бара жатыр. Түсінде бір тамшы да қорқыныш белгісі жоқ. Көзі аларып кеткен, бірақ бұл үрей ұшқандық емес, бір беттілік, батырлық. Ерні тістеулі, бірақ-бұл өкініш емес, ашу. Долы түпсіз толқынның әйелді құшағына алуына секунд қалған. Бұл –

сондай қыл үстінде тұрған жағдай. Шынында, әйел өмір толқынында дәл осындай күйде болмап па еді? Біздің елдің әйелдері арпалысқан, алқымынан алған толқынды, тілсіз теңізді жеңіп шықты, біздің елдің адамдары, әйелдері жан сақтап қалу үшін ескекті бар күшімен ескен жоқ, өшпенділікпен, таптық мақсатпен есті. Батылдық, ерлік, геройлық, шын берілгендік біздің елдің әйелдерінің серіктері болды (С.Е.).

4-тапсырма. Мәтіндегі сөздердің жұрнақтарын тауып, олардың сөз тудырушы мен сөз түрлендіруші түрлерін ажыратыңыздар

- Ойбай, қызылдар келе жатыр!.. Қызылдар келе жатыр!.. Еленбеп қарасып, ақтар да тілмаш арқылы бұл «хабарды» етіп, үрпиісіп, үрейленіп аттарына, көліктеріне қарай, тұп-тура жүгірісіп, жалма-жан, апыл-құпыл аттана жөнеледі...

Сөйтіп, ауыл таланбай қалады... Кейде тіпті, ақтың кейбір қосыны үрейлене аттанып, қаша жөнелгенде, кей ауылға әр нәрселерін де тастап кетеді. Жалпақ халықтың ақтарға тілектес емес, қызылдарға тілектес екенін айқын көрген соң, ақтардың кейбір қосыны өздерінше әр түрлі қулық істейтін болды (С.С.).

Жалғаулардың түрлері. Көптік жалғаудың қолданылуындағы өзіндік ерекшеліктері

Жалғау сөздерді байланыстырады.

Жалғаулардың негізгі ерекшеліктері:

1. Жалғауларда мағыналық дербестік те, тұлғалық дербестік те болмайды
2. Жалғаулар жеке – дара қолданылмайды
3. Жеке – дара тұрғанда ешқандай мағынасы болмайды
4. Мағыналы сөздерге қосылып, оларға грамматикалық мағына үстейді
5. Тұлға жағынан байыпсыз болады. Олар жалғанатын сөздегі дауысты дыбыстардың әуеніне қарай не жуан, не жіңішке болып, дауыссыз дыбыстардың орайына қарай қатаңдап, ұяңдап, сонарланып барып қосылады. Шексіз өзгере бермейді.

Жалғаулардың 4 түрі бар. Олар:

1. Көптік жалғауы
2. Тәуелдік жалғауы
3. Септік жалғауы
4. Жіктік жалғауы

Тілімізде көптік категориясы да, көптік жалғау категориясы да бар. Бұл екеуі бірдей емес. Екеуінің айырмашылықтары төмендегідей болып келеді:

1- кесте.

Көптік жалғау
1. Сөздер жекеше, көпше түрде қолданылады. **Мысалы:** адам+дар, бала+лар т.б. 2. Көптік жалғаулар: **- лар, - лер, - дар, - дер, - тар, - тер** 3. Көптік жалғауы үндестік заңына сәйкес сөзге жалғанады. 4. Көптік жалғауының өзіндік беретін мағыналары бар. Олар: 1. Жалқы есімге жалғанса, жинақтау, топтау мағынасын береді. **Мысалы:** мұғалімдер, балалар, т.б. 5. Сын есімге жалғанса, олар **заттанады, сөйтіп зат есімнің орнына жүреді. Мысалы:** Ақылды+**лар**, арлы+**лар**, атты+**лар** т.б. 6. Сан есімге, мезгіл үстеуіне жалғанса, мөлшерлеу, болжалдау мағынасын береді. **Мысалы:** қырық+**тар**+да, елу+**лер**+де.(болжалдық) Олар **кешелер** Біржан аттанған Барлыбай өзеніндегі Үлжан аулына жиналып жатты (М.Әуезов). 7. Көптік жалғауы бірыңғай мүшелердің ең соңғысына жалғанады. **Мысалы:** арқан, сойылдарыңды ала жүріңдер. 8. Көптік жалғау санауға болмайтын , көптік мағынада қолданылмайтын заттарға, бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалмайтын кейбір ұғымдардың бөлшегі ретінде жұмсалмайтын кейбір ұғымдардың аттарына қосылғанда, ол сөздер ауыспалы мағынада қолданылады. **Мысалы: Жанында ылғи ішіктілер, сұлу мұрттылар бар. Сақалдар осы тұрған біле ме екен, Тентекке жаза, өлгенге құн кесуді (І.Ж.).** 9. Көпшілік пайдаланатын нәрселердің, бұйымдардың, ас-тағамдардың аттарына қосылғанда, олардың көпке ортақ екенін білдіреді: Ас әзір екен, олар астарын ішті. 10. Орын, мекен атауларына қосылғанда , сол сөздің көптігін білдірмейді, оған « сол маңай», (айнала төңірек) деген қосымша мағына үстейді: **Абай өз пәтерлерінен екі-үш көше ұзап кетіп еді**

2- кесте.

Көптік категориясы
1. Қазақ тілінде көптік жалғауынсыз көптік мағына беретін сөздер мен сөз тіркестері бар. І .**Олар: Даралап санауға келмейтін зат есімдер:** Ұн, қант, шай, нан т.б. 2. **Ру, халық, ұлт, ел аттары:** қазақ, қырғыз, орыс, өзбек, найман, үйсін, т.б. 3. **Әр қилы аң, жәндіктер, хайуанат аттары:** көбелек, құрт-құмырсқа, қоңыз, түлкі, 4. **Өсімдік аттары:** шөп, арпа, сұлы, көде, жусан т.б. 5. **Адамның ішкі құбылыстарының, іс-әректтердің, дүниедегі сын-сипатттардың аттары**: алданыш, қуаныш, өкініш, сүйініш, еріншектік т.б.Бұлар тікелей өз лексикалық мағыналары арқылы көптік ұғымды білдіріп тұр (Бұларды лексикалық тәсіл арқылы жасалған көптік ұғым деп атайды) ІІ. Сан есімдер **(реттік сан есімдер мен болжалдық сан есімдерден басқалары)** сондай-ақ, **көп, аз, әлденеше, бірнеше, бірталай, қыруар** тәрізді сөздер зат есімдерден бұрын анықтауыш болып тұрып, ешқандай қосымшасыз көптік ұғымды білдіре алады. **Мысалы:** сегіз студент, отыз парта, қырық үй, бірсыпыра кісі, қыруар мал т.б. **(Көптік ұғымның осылайша берілуі синтаксистік тәсіл дер аталады).** Сан есіммен тіркесіп келеген сөздер. 6 үй, (6 үйлер емес) Бір ғана түрде болатын жалқы есімдер: Марс, Каспий теңізі, Қарағанды қаласы т.б.

1-тапсырма. Мәтіндегі көптік мағыналы зат есімдердің қандай жолмен жасалғанын анықтаңыздар

1. Қанша жұрт намыстан қалып, қанша уақыт сергелдеңге түскелі отыр. **2.** Сиырларды сауатын да, пішеншілердің ас-суларын даярлайтын да менің шешем болатын. **3.** Жұмыскерлер түскі демалысқа келіп, үйшіктерінде, барақтарында, күрке, баспана күркелерінде тыныстап жатыр. **4.** Аспанға ұшқан ақ тастар көпір

үстіне гүрс-гүрс түседі. 5. Емен шаң-топырақтан көрінбей кетті де, аздан соң бар жапырағынан айрылып, сорайып қалды. 6. Тасығандары – өзі өскен шөп емес, қолдан еккен жоңышқа, бидайық, мысыққұйрық (Ғ.М.).

2-тапсырма. Көптік жалғауының қолданылуындағы мағыналық ерекшеліктерді табыңдар. Көптік жалғауының түсіріліп қолданылу себебін түсіндіріңдер

1. Жандос, Ермекбайлар бір жақ, Ералин, Аман, Күлпаштар бір жақ болып, армансыз сайысқан көрінеді. 2. Екеуі аттарына мініп, ауылға беттеді. 3. Біздің оңшылдар сөзде жаңашыл, істе ескішіл-ақ. 4. Ұясы бұзылмай тұрғанда, оңшылдар оңбайды. 5. Теміржандар осылай қиғлықты салады да тұрады. 6. Тамыздың ыстық күндерінің бірі. 7. Алғашқы күндері жұғыса алмай жүргенімен, бірер жылдан кейін мен де Бопанға ауыл – үй қонып алдым. 8. Жасы сол кезде қырықтарды алқымдаған, сақалды, мұртты кісі еді (С.М.)

3- тапсырма. Мәтінді оқып, оған ат қойыңыз. Көптік категориясы формасындағы сөздерді табыңыздар

1. Шынында да, Күләш, Үрия, Жамал апалар, Манарбек, Әнуарбек ағалар ән шырқағанда туысқан орыс ормандары бас иіп тыңдағандай, ғажайып бір жан тебірентерлік әсер қалдыратын. 2. Автоматтарын қолтықтарына қысып отыра кеткен солдаттардың, танктеріне сүйеніп тұрған танкистердің, батареяларынан алыс кете алмай тұрған артеллеристердің, ұшқыштардың, тапсырмаға кетуге әзір отырған барлаушылардың жүздері қаншалықты қатыңқы, ызғарлы болғанымен бір сәтке соғыс деген апатты ұмытып, әсемдік деп аталатын айдыны шалқар терең бір мұхиттан нәр, қуат алғандай балаша жадырап, балаша мәз болып отырғандарын көргенде біздің де қуанышымызда шек болмайтын.

4- тапсырма. Көптік жалғауын әртүрлі сөз табына жалғап, мағынасында болатын өзгерісті көрсетіңдер. Құрамында көптік жалғауы бар қосымшаларға мысал келтіріңдер

Қазақ тіліндегі тәуелділік категориясы

Иеленуші үш жақтың біріне белгілі бір заттың меншікті екенін білдіретін грамматикалық категория тәуелдеу категориясы деп аталады

Бұл **тәуелділік категория** орыс тілінде жоқ, тәуелділік мағына тәуелдік есімдігі арқылы беріледі. Мысалы: моя книга, твой дом.

Тәуелділік категориясының мағынасы жұрнақ және тәуелдік жалғаулары арқылы беріледі

Кесте №1

Тәуелдік жалғаудың өзіндік ерекшеліктері
1. Тәуелдік жалғау заттың біреуге немесе бір нәрсеге тәуелді, меншікті екенін білдіреді
2. Тәуелденетін зат 3 жақтың біріне меншікті болады

3. Тәуелдік жалғауының 3 жағы және әр жақтың өз жалғаулары бар, анайы, сыпайы түрде, жекеше, көпше түрде қолданылады.
Тәуелдік жалғауы меншікті заттың атына жалғанады, меншікті заттың иесі ілік септікте тұрады. Мысалы: менің дәптерім, сенің қаламың, сіздің үйіңіз, оның киімі т.б.

Жекше түрі:
I жақ.Менің –м, - ым – ім
II ж.Сенің –ң, - ың – ің
ыңыз, - іңіз, - ңыз, - ңіз (сыпайы түрі)
III ж.Оның –сы – сі – ы - і

Көпше түрі:
I ж.Біздің – мыз – міз – ымыз – іміз
II ж. Сендердің **–тарың – терің – дарың – дерің – ларың – лерің**
II жақ (Сыпайы түрі)
- **тарыңыз – теріңіз – ларыңыз – леріңіз – дарыңыз – деріңіз**

III ж. Олардың **– сы – сі – ы – і**

4. Тәуелденудің екі түрі бар: оңаша тәуелдену, ортақ тәуелдену.
5. Бір не бірнеше заттың жеке адамға меншіктелуі **оңаша тәуелдеу деп аталады.**
(жекеше тәуелдеу оңаша тәуелдеу) Мысалы: менің кітабым, менің кітаптарым, сенің киімің, сенің киімдерің, сіздің домбыраңыз, оның қобызы.т.б.
6. Бір не бірнеше заттың көп адамға меншіктелуі **ортақ тәуелдеу деп аталады** (көпше тәуелдеу үлгісі ортақ тәуелдеу). **Мысалы:** біздің үйіміз, біздің мүліктеріміз, сендердің балаларың, сіздердің табыстарыңыз, олардың саяжайлары.т.б.
7. Тәуелдік жалғау зат есімге тән қосымша болғандықтан, зат есім қызметін атқаратын яғни заттанған сөздердің барлығына жалғана береді. Мысалы: әкем, дәптерім – деген сөздер зат есімдер. 2. Түйенің **үлкені** көпірден таяқ жейді (Мақал); Осылардың **жақсысы** да, жаманы да бірдей (Ә.Әбішев); Осы сөйлемдердегі **үлкені, жақсысы** деген сөздер заттаныш тұрған сын есімдер. **Төртеуі** де орындарынан тұрды. **Төртеуі –** заттанған сан есім. Ердің екі **сөйлегені –** өлгені; еменнің **иілгені –** сынғаны; **сөйлегені, иілгені, сынғаны** деген сөздер – зат есім орнына қолданылып тұрған есімшелі етістіктер. Еріншектің **ертеңі** бітпес – деген сөйлемдегі **ертеңі** деген сөз – заттанған мезгіл үстеуі.
Ескерту: Тәуелділік мағына – нікі – дікі – тікі жұрнағы арқылы да беріледі, жұрнақ меншікті заттың иесін білдіретін сөзге жалғанады. Мысалы: кітап менікі, қалам сенікі, дәптер Асандікі

Кесте № 2. Тәуелдік жалғаудың жалғануының өзіндік ерекшеліктері:

Сөздің соңғы дыбысы	I жақ	II жақ	III жақ
Дауысты дыбыстан соң	-м	-ң-(ңыз-ңіз)	-сы-сі
Дауыссыз дыбыстан соң	-ым-ім	-ың-ің (-ыңыз-іңіз)	-ы-і

1-тапсырма. Тәуелділік мағына беріп тұрған жұрнақтың астын бір, тәуелдік жалғаудың астын екі сызыңдар. Бұл қосымшалар жалғанған сөздің сөйлемде қай сөзбен тіркесіп тұрғанын сызық арқылы көрсетіңдер

- Аталарымыз осыны неге істеді? – дейді Сақтар, – орыспен тату тұру, оның өнерінен үйрену пайдалы екенін аталарымыз білді...

- Со болжалы келді, – дейді Еменалы, – жылдан-жылға орыстың өнер, біліміне жақындап келеміз... Әлі аларымыз көп (С.М.).

- Мынау ағаш үйлер Торсан мен оның балаларынікі, – деді Болатбай (С.М.). Колхоздың егіні сонда біздікі болып шығады (Ғ. Мұст.) Бірақ бұл бәлішті кезектесіп пісіреді: бір күні Ораздікі, бір күні біздікі (С.М.). Істеген еңбек өзіміздікі. Еңбек те, жол да өзіңдікі. Біздікі әншейін еріккеннен сілтей салған бір шығасы оқ емес пе (М.Ә.) Мырза, жүгірген аң жер иесінікі емес, жеткендікі болады да (М.Ә.).

2-тапсырма. Тәуелдік мағына беретін қосымшаларды тауып, оның қандай қосымшалардан кейін, қандай қосымшалардан бұрын жалғанып тұрғанын көрсетіңдер

1. – Менің өмірім өз басымды ойдағы арманымнан жыраққа әкетті ғой (М.Ә.). 2. Көңілсіз кезеңдеріңізге өзім де құмар емеспін. 3. – Шерткі барыңды. 4. Білгенің, ұққаның бар ма, жаңа әнінді айтам! 5. Бар ман еді ондайың? – деп, Абай өзге емес, енді тек Әйгерімнің айтқанын күтті (М.Ә.). 6. Кертөбелді күзетіп, берірек жатқан Айбастікіне ұқсайды бұл қорыл (Ғ. Мұст.). 7. – Е, есептейік, менікі бес жүзге айналып барады. 8. Сенікі қанша? (Ғ.Мұст.).

3-тапсырма. Тәуелдік жалғаудың сөзге қандай мағына үстеп тұрғанын анықтаңдар

1. – Сен сөйлеспесең де, мен сөйлесемін. 2. Сенің әкеңнен әкем кем болып көрген жоқ, атаңнан атам кем түскен жоқ. (Х.Е.) 3. Маған балаң мен келінің аяныштыемес, мына сен аяныштысың.(Х.Е) 4. – Саған шал атам аяныштыекен, аясаң, жақсылығыңды көрсете ғой, кәне! 5. Кәне, менің соңымнан еретін қайсың барсың. 6. Асеке, мылтық қайла, маған беріңіз, – деді. (Х.Е.)

4-тапсырма. Мәтінді көшіріп, жекелік- көптік, тәуелдік мағыналары бар зат есімдерді табыңыз, олардың мағыналарының берілу жолдарын түсіндіріңіз

1. Бүгінде туған халқы Шоқанды ыстық ықыласпен, үлкен махаббатпен құмарлана, мейірін қандыра оқиды, есімін аялап ардақтайды, шексіз сүйеді. 2. Алатаудай арқа тұтады, мақтаныш етеді. 3. Халқымыздың жарық жұлдызы Шоқанның қысқа ғұмырында тындырған тарихи, әлеуметтік, әдеби еңбектері, халқы, болашақ ұрпағы жайындағы ой-толғаныстары, парасатты пікірлері ғылымдағы тереңдік пен батылдықтың, білімпаздық пен даналықтың үлгісі ретінде заманға үздіксіз қызмет ете береді (М.Ә.).

5-тапсырма. Ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің тіркесін тауып, себебін түсіндіріңіз. Асты сызылған сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз

1. – Менің жалғыз шешем мен жалғыз балам қатты суықтардың тұсында бір айлық қоректері үшін мені екі жылға жалдап қойыпты бір бай ағайынымызға... **2.** Шешем мен балам қаңғыра-қаңғыра өзі осында жұмыста жүрген бір жолдасымның үйіне келіпті (Ғ.М.). **3.** – Жақында Оспан ағамның жылы беріледі. **4.** Соның соңынан ауылдарыға құда түсе, менің жақындарым келеді. **5.** Енді Мағаш сіз менің ең жақын, ең ғазиз қадірлімсіз. **6.** Ғашығым да, жарым да сіз! – деді. **7.** Осы сөзбен өз бақытын да айтты. **8.** Мағаштың шаттығын да аспанға асырғандай болды. **9.** Таң ата аттарына мініп жатқанда, бұнда қалғалы тұрған Өтеғелдіге және Дәрменге де Әбіш өзінің байлауын айтты.

Қазақ тіліндегі септік жалғауларының қызметі мен олардың беретін мағыналары

Септік жалғауы дегеніміз – сөздің септік жалғауын қабылдауы. Септік категориясы орыс тілінде де бар. Бірақ септіктің санында да, септелу жүйесінде де үлкен айырмашылық бар. Орыс тілінде 6 септік, олардың қосымшаларында айырмашылық жоқ. Қазақ тілінде **7 септік бар**. Олардың атаулары, сұрақтары, жалғаулары төмендегіше болып келеді.

Кесте № 1

№	септіктер	сұрақтары	жалғаулары
1	Атау	кім? Не?	қосымшасы жоқ
2	Ілік	Кімнің? Ненің?	-ның-нің-дың-дің –тың- тің
3	Барыс	кімге? неге? қайда?	ға –ге –қа –ке –а-е-на –не
4	Табыс	кімді? нені?	ны-ні-ды-ді-ты-ті-н
5	Жатыс	кімде? неде? қайда?	да-да –та-те-нда-нде
6	Шығыс	Кімнен? неден?	дан-ден-тан-тен-нан-нен
7	Көмектес	Кіммен? немен? қалай?	мен-бен-пен-мене-бенен-пенен

Қазақ тілінде әр септіктің беретін өзіндік мағыналары мен өзіндік ерекшеліктері бар.

Кесте № 2

№	септіктер	Беретін мағыналары мен өзіндік ерекшеліктері
1	Атау	1. Басқа септіктердің мағыналарын салыстырып ажырату үшін қабылданған негізгі форма, негізгі септік деп аталады. 2. Септеулік шылаулармен жұмсала береді. Мысалы. Мен **үшін,** хат **арқылы,** жыл **бойы,** оқу **жөнінде,** өлең **сияқты,** үй **сайын**, аудан **бойынша** т.б. 3. Атау септіктегі сөз сөйлемде бастауыш болады.
2	Ілік	1. Бір заттың екінші затқа тәуелді екенін білдіреді.менің дәптерім, баланың оқулығы, үйдің иесі, т.б. 2. Ілік септігі жалғанып та, жалғанбай да тұрады. 3. Ілік септіктегі сөз әрқашан анықтауыш болады. Мысалы: **Ердің** атын еңбек шығарады. 4. Ілік септіктегі сөз өзінен соңғы тәуелдеулі сөзбен тіркесіп барып күрделі мүше қызметін атқарады. Мысалы: **Абай көшесі** – Алматыдағы көркем көшенің бірі.

3	**Барыс**	Қимылдың бағытын, мақсатын білдіреді. Мысалы: Ол ертең **Көкшетауға** жүреді. **Кітапханаға кітап** алуға кетті. Мағынасына қарай сөйлемде толықтауыш, пысықтауыш болады. Мысалы: Білгенге маржан, білмегенге арзан.
4	**Табыс**	1. Етістікпен байланысады, толықтауыш болады. Мысалы: Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып (Абай.) 2. Жалғауы ашық, жасырын түрде қолданыла береді. Мысалы: Мал жер емеді, адам мал емеді.
5	**Жатыс**	1. Көлемдік, мекендік, мезгілдік мағынаны білдіреді. 2. Жанама толықтауыш мезгіл пысықтауыш, кейде орнына қарай баяндауыш та болады. Мысалы: Жат қораны күзеткен қартаң шалда сана жоқ (Абай). Аспанды жапқан қара бұлт әлем – тапырық (Ы. Алтынсарин)
6	**Шығыс**	Іс-амал, қимыл-әрекеттің шыққан орнын, себебін, мезгілін, мөлшерін білдіреді.2.Толықтауыш , пысықтауыш , кейде баяндауы болады.Әкемнен әліпбиді үйде оқыдым (С.Торайғыров.) Көз көруден тыйылмас.т.б.
7	**Көмектес**	Іс-амалдың құралы мен тәсілін, мекені мен мезгілін, т.б. мағыналарын білдіреді. 2. Толықтауыш, пысықтауыш болады.Таспен ұрғанды аспен ұр. Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық.(Ы.Алтынсарин.)

Септелудің 2 түрі бар. **Жай септеу, тәуелді септеу**

1. Жай септеу дегеніміз – сөздердің түбір күйінде септелуі. Мұнда сөзге септік жалғаулары тікелей жалғанады. **Мысалы: Үй, үйдің, үйге, үйді, үйде, үйден, үймен** т.б

2. Тәуелді септеу дегеніміз – сөздердің тәуелденіп барып септелуі. Мысалы: Үй-ім, үй-ім-нің, үй-ім-е, үй-ім-ді, үй-ім-де ,үй-ім-нен, үй-ім-мен т.б.

3. Септелген зат есім сөйлемнің барлық мүшесі бола береді.

1-тапсырма. Сөйлемдерден тәуелді септеу сөздерді табыңдар

Орман ішін жаңғырта күлдік. Мұрныма әлденедей иіс келді. Қабағында жабырқаушылық бар. Көз жасына ерік берді. Өз даусымнан өзім шошып ояндым. Құлағымды жапырақ сыбдырына тосып, үнсіз де сергек отырмын. Әркімдердің аузында осы сөз, осы тілек. Үй қабырғаларына тасаланып, жіті жүреміз. Көз ұшында жау самолеті көрінді (Ә.Сәрсенбаев.).

Бораш жиналу жабдығымен үйде қалды да, Шеген екеуіміз таныс жерлермен қоштасып қайтуға қалаға кеттік. Үңгірімізді су алып кетіпті.

Бұрышта тұрған қара шәйнегіміз де суға толып тұр (Ғ.Мүсірепов.).

2-тапсырма. Мына сөздерді ауызша септеңдер

Далам, домбырасы, астық, ойын, дәулеті.

3-тапсырма. Үзіндіні көшіріп, септік жалғауларының сөзге қандай мағына беріп тұрғанын ажыратыңдар.

1. Абайдың аулы асқа әзірленіп жатқан елдің күнбе-күнгі қамдарын ертелі-кеш сұрастырып, есітіп отыратын. 2. Елді сағынып келген Абай мен Ерболға енді алдарынан шыққан мына хабар аса көңілді көрінеді. 3. Ербол өз ауылдарының әзірлігін есті сала, қайтпаққа асықты. 4. Абай оған рұқсат етті. 5. Бірақ Ербол екі күн ішінде қайта келіп, тағы табысып, бірге болысуға уәде

берді. 6. Абайдың тілегі солай (М.Ә.). 7. Ағынды судың асты ойлы-қырлы, сарқырамалы келеді. 8. Ақ ақйраң өрге жүзіп, ағысы қатты сарқыраманы іздейді. 9. Екпінді арнаның сағасына жеткенде, ол көлденеңдеп жаты қалады, ерке балықты ағын асырып айдап әкеләп, құламаның жарынан төмен тастап жібереді. 10. Балық екінші жақтан айналып шығып, тағы жатып, тағы құлайды. 11. Ақ қайраңның жазғы ойнағы осылай басталады (Х.Е.).

4-тапсырма. Әлемде неше түрлі қызық оқиғалар бар екенін аңғарыңдар. Қарамен жазлған сөздердің қай септің жалғауында тұрғанын және қандай мағынаны білдіріп тұрғанын анықтаңдар

Су жинағыш бақалар

Орталық **Австралияда** өзендер мен су қойнаулары күннің ыстығынан жиі құрғап қалады. Осындай кезде тұрғын халық бақа аулауға шығады. **Австралияның** шөл далаларындағы **бақалар ауа райының** сондай өзгерістеріне бейімделген көрінеді. Қуаңшылықтарда олар асқазандарына су қорын сақтайды екен. Сол себептен аңшылар бақаларды **асқазанынан** су алу үшін аулайтын боған.

Жіктік жалғауының төрт түрлі үлгіде жалғану жүйесі мен формалары

Жақ	Жекеше	Жақ	Көпше
I жақ. Мен	мын-мін-бын-бін-пын-пін	I жақ. Біз	мыз-міз-быз-біз-пыз-піз
II жақ Сен	сың-сің	II жақ Сендер	сыңдар-сіздер
II жақ. Сыпайы түрі. Сіз	сыз-сіз	II жақ. Сыпайы түрі. Сіздер	сыздар – сіздер
III жақ. Ол	ды-ді-ты-ті	III жақ. Олар	ды-ді-ты-ті

4. Жіктік жалғау – баяндауышқа жалғанып, оны бастауышпен жақ арқылы қиыстыратын жалғау. **1.** Сондықтан ол сөз табын талғамайды, баяндауыш болған сөздің бәріне жалғана береді. **2.** Сөздер 3 жақта, жекеше, көпше түрде жіктеледі. **3.** Негізінен етістікке, есім сөздерге жалғанады.

4. Жіктік жалғаулар сөзге 4 түрлі үлгіде жалғанады: **1-топқа: отыр, тұр, жатыр етістіктері мен есімшелер, зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, есімдіктер, үстеулер жатады.**

2-топқа –а – е – й (бара, келе, кетіп) ормалы көсемшелер жатады; олар екінші үлгі бойынша жіктеледі.

3-топқа етістіктің жедел өткен шақ формасы мен шартты рай формасы (барса, келсе) жатады; бұлар үшінші үлгі бойынша жіктеледі.

4- топқа бұйрық рай формасы (бар, кел) жатады да, төртінші үлгі бойынша жіктеледі.

Ескерту: Жіктік жалғаудың 1-тобына тән сөздер сөйлемде баяндауыш болса, жіктік жалғау оларға жекеше түрде де, көпше түрде де барлық жақтарда бірдей , бір ізбен қосылады.

Жіктелу үлгісі:

Жекеше	**Көпше**
Мен тұрмын	Біз тұрмыз
Сен тұрсың	Сендер тұрсыңдар
Сіз тұрсыз	Сіздер тұрсыздар
Ол тұр	Олар тұр

Жекеше

Мен бар-**а-мын**, бар-**ып-пын**, кел-**е-мін**, кел-**іп-пін**
Сен бар-**а-сың**, бар-**ып-сың**, кел-**е-сің**, кел-**іп-сің**
Сіз бар-**а-сыз**, бар-**ып-сыз**, кел-**е-сіз**, кел-**іп-сіз**
Ол бар-**а-ды**, бар-**ып-ты**, кел-**е-ді**, кел-**іп-ті**

Көпше

Біз бар-**а-мыз**, бар-**ып-пыз**, кел-**е-міз**, кел-**іп-піз**
Сендер бар-**а-сыңдар** , бар-**ып-сыңдар**, кел-**е-сіңдер**, кел-**іп-сіңдер**
Сіздер бар-**а-сыздар**, бар-**ып-сыздар**. Кел-**е-сіздер**, кел-**іп-сіздер**
Олар бар-**а-ды**, бар-**ып-ты**, кел-е-ді, кел-**іп-ті**.

Есімше, есім сөздерге жіктік жалғау 1-2 жақтарда ғана жалғанып, 3- жаққа қосымша жалғанбайды.

Жіктелу үлгісі

Жекеше

Мен бар-ған-мын, кел-ген-мін, мұғалім-мін
Сен бар-ған-сың, кел-ген-сің, мұғалім-сің
Сіз бар-ған-сыз, кел-ген-сіз, мұғалім-сіз
Ол ба-ған, кел-ген, мұғалім.

Көпше

Біз бар-ған-быз, кел-ген-біз, мұғалім-біз
Сендер бар-ған-сыңдар, кел-ген-сіңдер
Сіздер бар-ған-сыздар, кел-ген-сіздер, мұғалім-сіздер
Олар бар-ған, кел-ген, мұғалім.

Жіктік жалғаудың қысқа түрі

Жіктік жалғаудың қысқа түрі жедел өткен шақ пен шартты райға жалғанады. Ол есім сөзге жалғандайды

1. Жіктік жалғаудың жедел өткен шаққа жалғануы. Етістіктің түбіріне жедел өткен шақтың жұрнағы жалғанып, одан соң жіктік жалғауының қысқа түрі жалғанады.

Жекеше	**Көпше**
Мен бар-ды-м, кел-ді-м	Біз бар-ды-қ, кел-ді-к
Сен бар-ды-ң, кел-ді-ң	Сендер бар-ды-ңдар, кел-ді-ңдер
Сіз бар-ды-ңыз, кел-ді-ңіз	Сіздер бар-ды-ңыздар, кел-ді-ңіздер
Ол ба-рды, кел-ді.	Олар бар-ды, кел-ді.

Шартты райдан соң жіктік жалғаудың жалғануы

Жекеше	**Көпше**
Мен ал-са-м, көр-се-м	Біз ал-са-қ, көр-се-к,
Сен ал-са-ң, көр-се-ң	Сендер ал-са-ңдар, көр-се-ңдер
Сіз ал-са-ңыз, көр-се-ңіз	Сіздер ал-са-ңыздар,көр-се-ңіздер
Ол ал-са, көр-се.	Олар ал-са, көр-се.

Бұйрық райдан соң жалғанатын жіктік жалғау

Бұйрық райда жіктік жалғау түбір етістікке тікелей 3 жақта, жекеше, көпше түрде жалғанады.Жіктік жалғаудың бұл түрі есім сөзге, басқа райларға жалғанбайды.Бұл жіктік жалғаудың 2-жақ жекеше түрде жалғауы жоқ.

Жіктелу кестесі

Жекеше	**Көпше**
Мен қал-айын, бер-ейін	Біз қал-айық, бер-ейік
Сен қал, бер	Сендер қал-ыңдар, бер-іңдер
Сіз қал-ыңыз, бер-іңіз	Сіздер қал-ыңыздар, бер-іңіздер
Ол қал-сын, бер-сін	Олар қал-сын, бер-сін.

1-тапсырма. Жіктік жалғауын табыңыз, қай жақта қолданғанын анықтаңыз

1. – Сіз осы сахараның әкімінен, жуанынан, бай-бағланынан, зорлықшыларынан момын елді қорғаймын дедіңіз. Сол үшін жауыңыз да өшіге, өршелене соқтығады. (М.Әуезов.) 2. Қардан аршылған із ілезде көктеп кетпейді (С. Мұқанов). 3.Қолма –қол істегі адамдар да қарап отырмапты (Ғ. Мүсірепов). 4. – Ертең Россия палуандарының өнерін көресіздер, – деп хабарлады цирк басқарушысы. 5. – Аға, мен жығылу үшін күреске түспеймін. 6. Белін бір ұстаған соң, сақалын сыйлап та жығылмаймын, - деді жас палуан (Қ. Әбдікәдіров).

2- тапсырма. Сөйлемдегі есімше, есім сөздердегі жіктік жалғауының қай жақта қолданғанын табыңыз

1. – Қуаныштымын, екеуіңе де барынша ырзамын!...- деді.

2. – Науқасыңызға қиналамын, Әбіш (М. Әуезов).

3. Дүниеге кімдер келіп, кім кетпеген,
Табиғат түбі терең қол жетпеген.
Өтерін өмірімнің біле тұрып,
Мандайын пенде бар ма , терлетпеген?... (Кете Жүсіп ақын).

4. – Мен бір жарымжан адаммын ғой, – деді (Ғ. Мүсірепов). 5. – Уа, замана, дауылсың, қыдыра көшкен ауылсың (Майлықожа).

3-тапсырма. Жедел өткен шақ тұлғалы етістіктің жіктелуін түсіндіріңіз, жақ көрсеткіштерінің астын сызыңыз

1. Алғашқы күндері жұғыса алмай жүргенмін, бірер жылдан кейін мен де Бопанға ауыл үй қонып алдым. 2. Сырдың бұрынғы суы жаз шыға сарқырап, көп жерінде жылтыраған тайыз жолға тоқтапты да, кей тұсында үзіліп қалды (С.Мұқанов). 3. Осыған серттескендей қол алыстық. Мария апай деп кеттік. 4. – Бір қаламұш бәйге тіктім... – деп балалар шуласып кетті.

4- тапсырма. Бұйрық рай тұлғадағы жіктік жалғауын ажыратыңыз

1. «Отын жарайық па, шөп әкелейік пе, су әкелейік пе» деп қоршап алды. 2. Үндеме, – деді Шеген маған қарамастан, – көзіне бір көрінейін. 3. Детдомға тарта бер, қақпаның аузында күт. 4. – Бірақ Мария апайды ала кетейік. 5. – Әуелі мына шүберектерді сілкіп әкеліңіз.

6. – Қозғалам деп кестіріп алдыңыз, – деп кінәны бастың өзіне аудара саласың. 7.– Аямай бұра, Егор, қайтып су өте алмайтын болсын, – деді оған Самед. 8. – Жүзіңдер! – дедім әмірлі үнмен. 9. – Тез киімдеріңді ауыстырыңдар, – деп старшина келіп тұр. 10.. – Енді бір –бірімізді жоғалтып алмайық, Костя, – деді. 11. – Қойыңдар, әурелемеңдер баланы (Ғ.Мүсірепов).

7-тапсырма (үйге). 1. Өткен тақырыптағы қосымшалардың негізгі ерекшеліктерін жатта. **2.** Ортақ, оңаша тәуелдеуге 5 сөйлем құрастыр. **3.** Жедел өткен шақтағы етістікке жалғанған жіктік жалғауының көпше түріне 5 мысал жаз

III тарау. III модуль
Омонимдес қосымшалар. Шылау сөздермен ұқсас келетін қосымшалар

Мен-бен пен жалғаулық шылауының көмектес септік жалғауымен ұқсастығы, айырмашылықтары

Шылау – толық мағыналы сөздерге тіркесіп көмекшілік қызмет атқаратын сөздер тобы.

Мысалы: сен ғана, сабақтан соң, телефон арқылы дегенде **ғана, соң, арқылы** сөздері көмекшілік қызметте жұмсалған.

Шылау сөздердің басқа сөз таптарынан негізгі айырмашылықтары:

1. Шылаудың толық лексикалық мағынасы болмайды.

2. Сөйлем ішінде шылау сөйлем мүшесі бола алмайды.

3. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады.

4. Толық мағыналы сөздің жетегінде қолданылады да , оған қосымша мағына үстейді.

5. Шылаулар түрленбейді. Лексикалық мағынасынан айырылу нәтижесінде пайда болған сздер.

Шылау сөздер мағыналарына, қызметіне қарай 3 топқа бөлінеді: септеулік, демеулік, жалғаулық шылау.

Жалғаулық шылау сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады.

Жалғаулық шылаулар жалғаулықтар деп аталады.

Олар мыналар: - мен – бен – пен, - менен, - бенен, - пенен, - да – де – та - те, - не, - не болмаса, - яки, - немесе, - және, - әрі – біресе, - бірақ, - алайда, - әйтпесе, - әйткенмен, - дегенмен, - себебі, - сондықтан, - сол себепті, - өйткені.

Жалғаулықтар өз ішінде 4-ке бөлінеді.

1. **Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар:** - мен – бен - пен, - менен, - бенен, - пенен, - да - де – та - те, - және, - әрі.

2. **Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар:** бірақ, алайда,әйтпесе, әйткенмен, дегенмен, сонда да.

3. **Талғаулықты қатынасты немесе кезектестік қатынасты білдіретін жалғаулықтар:** әлде, біресе, бірде, не, немесе, я, яки, болмаса, кейде.

4. **Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар:**себебі, өйткені, сондықтан т.б

Қазақ тілінде осы шылау сөздермен омонимдес келетін қосымшалар бар:

Мысалы: - мен – бен - пен ыңғайластық қатынасыт білдіретін шылау тілімізде көмектес септігінің – мен – бен - пен жалғауымен тұлғалас, былайша айтқанда жазылуы бір болғандарымен, сөйлемде атқаратын қызметтері жағынан бірдей емес. **Негізгі ерекшеліктері төмендегідей:**

-мен-бен-пен ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулық шылау	-мен-бен-пен көмектес септігінің жалғауы
1.Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады да, ыңғайластық қатынасты білдіреді. Мысалы: Асқар **мен** Айдана қалаға кетті. (мен – шылауы Асқар, Айдана деген бірыңғай мүшелердің арасын байланыстырып тұр) 2. - мен-бен-пен-жалғаулық шылауы сөзге қосылып жазылмайды.	1.мен-бен-пен көмектес септігінің жалғауы сөзге қосылып жазылады. 2. Кіммен? немен? дегенсұраққа жауап береді. 3. көмектес септігінің жалғауы қай сөзге жалғанса, сол сөзге бірлесу, астасу, ортақтасу т.б. мағыналарын үстейді. 4. көмектес септігі жалғанған сөз сөйлемде

3. Сөйлемде жеке сұраққа жауап бермейді 4. Сөйлем мүшесінің қызметін атқармайды.	толықтауыш не пысықтауыштың қызметін атқарады. **Мысалы:** Абай қора салатын ұсталарымен, жұмысшыларымен және төрт-бес үй көршісімен келіп, сол жұмысты жүргізіріп жатыр (М.Ә.)

1-тапсырма. Мен – бен – пен қосымшасын бірде жалғау, бірде жалғаулық шылау етіп мысал келтіріңіз

2-тапсырма. Төмендегі мысалдардан мен -бен - пен қосымшасының негізі ерекшеліктерін анықтаңыз. Асты сызылған сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдаңыз. Мен-қосымшасы сөйлемде қандай қызмет атқарып тұр?

1. Шын мәнінде халыққа білім беру басқармасы мен бөлімінің қажеттігі бар ма? 2. Өткен іс көңілде өшпес таңба қалдырғаны көрініп тұр, бірақ әңгімесінде өксу мен өкініш , бүкпе мен қоспа жоқ. 3. Абай Базаралы ісінің мұншалық тұңғиыққа кеткенін қатты жабыққан жүзбен естіді. 4. **Берермен қолым аларман**. 5. Орта бойлы жауырынды, ашаң бет,ақ құбаша жігіт желмен ұшқан қаңбақша көк биені ұшыртып келе жатыр**. 6. Еңбекке тәрбиелеудің мазмұны мен методикасы өзгертуді талап етеді**. 7. Өз көзімізбен көрдік десті. 8. Хамза Есенжанов осы жылдары көркем аудармамен айналасады . **9. Бүгінгі Абай аулындағы үлкен әбігер мен қарбаластың жөні бөлек. 10. Сөйлеушілерге де, кітап оқушыларға да қосылмай, өзімен-өзі болып, тізесін құшақтап, тұлданған пішінмен Нұрсұлу келін отыр (Б.М.).**

3-тапсырма. Мысалдардан омонимдес қосымшаларды табыңыз. Қолданылу ерекшеліктерін түсіндіріңіз. Асты сызылған сөйлемдерді сөйлем мүшесіне қарай талдап, омонимдес қосымшаның сөйлемде қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтаңыз

Ақылды орнымен сөйлер де жауабын күтер (Сайф Сараи). 2. Байлық – қанағат пен бірлікте (Ы. Алтынсарин). 3. Су мен жер туралы ой- бұл түптеп келгенде, адамның өзі туралы ой (Ш.А.). 4. Қазақ халқының көне замандардан қалыптасқан жер көлемінің батыс жағы Каспийге, шығысы мен терістігі – Сібірге және Алтай тауларына, күнгейі-қазіргі Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан және Қарақалпақ автономиялы республикасына шектеледі (С.М.). 5. Ауылдың екінші шеті мен мал иірілетін орта тұсында отырған өңшең қоңыр үй (М.Ә.). 6. – Алақай, мен бүгін қыз бетінен сүйдім! 7. Жылың бақыт жылы, жеңістер мен табыстар жылы болсын, оқушы достар! 8. Абай әкесімен бірге Қарқаралыда тұрғалы көп күндер болды Көксерек арлан еді. Құрмаш пен әжесі шақырса да келмейді. 9. Осымен тағы біраз жүргенде, бір күні Көксерек қара ала төбетке майдан берді. 10. Екпіндеген бетімен жолында жасқап тұрған Құрмашқа қарамастан, келе – Көксеректі бүйір жағынан келіп арс етіп қауып түсті (М.Ә.).

4-тапсырма (үй жұмысы). 1. – мен – бен - пен қосымшасын бірде жалғаулық шылау, бірде көмектес септігінің жалғауы етіп 6 сөйлем құрастыр.

2. мен-бен-пен қосымшасының негізгі ерекшеліктерін жаттау

Мен жалғаулық шылауының I жақ жіктеу есімдігімен ұқсастығы, айырмашылығы.

Жіктеу есімдіктері –үш жақта, жекеше, көпше , анайы, сыпайы түрде қолданылатын есімдіктер.

Жіктеу есімдіктерінің ерекшеліктері:

1. 1-жақ жіктеу есімдігі – мен, көпше түрі – біз (жекеше, көпше түрдегі) сөйлеушіні білдіреді. Мысалы: **Мен** апамды көрген жоқпын. **Біз** атамызды сыйлаймыз.

2. 2-жақ жіктеу есімдіктері – **сен, сендер, сіз, сіздер** (жекеше, көпше, анайы, сыпайы түрде) тыңдаушыны білдіреді. Мысалы: **Сен** ғой енді базарға бармаймын дейсің. **Сіздің** үй осы саршұнақтың үйіне ұқсай ма? **Сендер** кімсіңдер? **Сіздер** кешікпеңіздер.

3. 3-жақ жіктеу есімдіктері - **ол, олар** сөйлеушіден, тыңдаушыдан бөгде адамды білдіреді: Ол тұңғыш рет ашына сөйледі. Оларға алма алдым.

4. Жіктеу есімдіктері септеледі (– мен жалғаулық шылауы септелмейді).

Мен – жіктеу есімдігінің септелу үлгісі.

Атау – мен
Ілік – менің
Барыс – маған
Табыс – мені
Жатыс –менде
Шығыс – менен
Көмектес – менімен

5. Септелген жіктеу есімдіктері сөйлемде әртүрлі қызмет атқарады. (бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш). (мен – жалғаулық шылауы сөйлем мүшесінің қызметін атқармайды).

6. Сөйлемде әр сөйлем мүшесінің қызметін атқаруына байланысты әр сөйлем мүшесінің сұрағына жауап береді. (– мен – жалғаулық шылауы сөйлем мүшесінің сұрағына жауап бермейді).

1- тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы жіктеу есімдіктерінің қай жақты, жекеше, көпше, анайы ,сыпайы түрдің қайсысын білдіріп тұрғанын анықтаңыз. Жіктеу есімдігімен баяндауыштың қай қосымша арқылы байланысқанына талдау жасаңыз

- Халел, сен бүгін осы үйдің не болғанын білдің бе?

- Білдім. Менде біраз сөз естідім.

Ақбөпе күрсінді.

- Көкем ғана емес, менің әкем де...
- Иә, саған не қылмайсың дейді?
- Сауданың қыбын білмейсің, ынжықсың дейді.

Ертең Омбыға барамыз деп отыр.

- Сен барасың ба?
- Жоқ, мен бармаймын дедім (С. Жүнісов).

II. – Менің талай ақын достарым бар. Олардың көбінің маған ақындық жақындығынан гөрі, азаматтық ақындығы бағалырақ.

Сырбай төргі бөлмеге бас сұға:

- Әй, мен саған өлеңмен жауап берем, – деді.
- Айтып жібер!
- Біздің де жазымыз бар, күзіміз бар.

Біздің де жарқыраған жүзіміз бар.

Қарағым жаңа бір жол таба қалсаң,

Онда да басып кеткен ізіміз бар (М.Әлімбаев).

2-тапсырма. Мен жіктеу есімдігін тауып, сөйлемде қандай қызмет атқарып тұрғандығын анықтаңыз

1. Мен оқушымын. 2. Мен госпитальға түскен күннен бастап, елден, үйден ештеңе жасырғаным жоқ, өйткені шешеме менен хат келудің өзі медеу екенін білдім. 3. Мен мына ауылға соғам (Ә. Нұрпейісов). 4. Меніменен тағдыр қоссаң, жаман болмассың (М.Ә.). 5. Кешікпей менің саған берген сертім де орындалар (Б.Б.). 6. Менде бар, сенде жоқ. Мендегіңің бәрі алтын. 7. Маған берген сертінде тұратын бол! 8. Менен шығысып кетпе. 9. Менің бар арманым жауларымды тізе бүктіру.

3-тапсырма. Мен – қосымшасын бірде жалғаулық шылау, бірде жіктеу есімдігі етіп сөйлем құрастырыңыз да, негізгі ерекшеліктерін түсіндіріңіз

4-тапсырма (үйге). Көркем әдебиеттен мен – қосымшасының атқаратын қызметін ашатындай 5 мысыл теру. 2. Мен – қосымшасының негізгі ерекшеліктерін жаттау

Мен – жалғаулық шылауының зат есім жасаушы жұрнақпен ұқсастығы

Зат есім дегеніміз – заттың атын білдіріп, кім? не? деген сұраққа жауап беретін сөздер. Мысалы: Ән (не?), ауыл (не?), әке (кім?), шеше (кім?).

Тіліміздегі зат есімдер **жалқы есім, жалпы есім болып екіге** бөлінеді.

Біркелкі заттардың жалпы атауы жалпы есім деп аталады.

Заттардың ішіндегі бір түрінің өзіне ғана қойылған атау жалқы есім деп аталады.

Мысалы: кісі, адам – жалпы есімге жатса, Гүлнар, Айман – дегендерді жалқы есімге жатқызамыз.

Зат есімдер **негізгі, туынды, күрделі** болып үшке бөлінеді. **Туынды зат есім жасайтын жұрнақтар есім сөзден зат есім жасайтын жұрнақтар, етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар болып екіге бөлінеді.**

Соның ішіндегі мен- жұрнағы етістіктен зат есім жасайтын жұрнаққа жатады.

мен –зат есім жасайтын қосымшаның ерекшелігі	**мен- жалғаулық шылауы**
1. мен – қосымшасы етістіктің болжалды келер шақ формасынан іс-әрекет иесінің атауын тудырады. Мысалы: көрер**мен**, берер**мен**, өлер**мен**. 2. Зат есімнің сұрағына жауап береді. 3. Сөйлемдегі қолданысына қарай сөйлес мүшесінің белгілі бір қызметін атқарады.	

1-тапсырма. Төмендегі мысалдардан мен – қосымшасының қандай қызмет атқарып тұрғандығына талдау жасаңыз

1. Театр сол кезеңде негізінен өзіндік ішкі проблемаларымен алысып жүргенде көрерменін жоғалтып үлгергендей. 2. Шалғайдағы қой өсірушілер семьялары жөндем жолдар мен тораптық электр желісінің жоқтығын ерекше сезінуде. 3.Оқырманы болмаса-әдебиет, көрермені болмаса – театр жетім (М.Ә.). 4. Мен де осы сәтті пайдаланып көрші батальондағы жерлес досым Сырбайға баруды ұйғардым (М.Қ.). 5. Сонымен көрген Мұқаметжан Абайдың жазылған қолжазбасын төрт бүктеп, өз қалтасына салып алған (М.Ә.). 6. Берерменге бесеу көп, Аларманға алтау аз (Мақал). 7. Кеше біздің қаламыздың орталық көшесінде көрме ашылды (Ғ.М.). 8. Залда көрермен толы отырса, актер жауапкершілігі, еңбегінің рахаты артады («Қ.Ә»). 9.Кеше қонақтар келерде көрмеде ерттеусіз тұрған қара жал, қара құйрық, ақ сары ат бүгін әсем ерттеліпті (М.Ә.). 10. Мен осы үйдің жиенімін (М.Ә.).

2-тапсырма. Мен – қосымшасын бірде зат есім жасайтын жұрнақ, бірде жіктеу есімдігі, енді бірде көмектес сепігінің жалғауы болатындай етіп сөйлем ішінде келтір

3-тапсырма: Мен қосымшасын зат есім жасайтын жұрнақ ретінде 5 мысал келтір

– Да – де – та – те шылауының жатыс септік жалғауымен ұқсастығы және бірде демеулік шылау болып қолданылуы

Демеулік шылау – өзі тіркескен сөзге әртүрлі мағына үстеп, оған түрліше өң беретін шылау. Мысалы: – Дүниенің қызығы құс салу екен ғой!- деп бір қойды. Бұл сөйлемде ғой демеулігі сенімділік мағынасын үстеп тұр.

Демеулік шылауларға жататын шылаулар:

1. **Сұраулық мағыналы демеуліктер**: ма-ме-ба-бе-па-пе ,

2. **Күшейткіш демеулігі:** -ақ-ау-ай- да-де-та-те ,
3. **Нақтылық демеулігі:** қой, -ғой- ды-ді-ты-ті,
4. **Шектік демеулігі:** қана-ғана-ақ-тек,
5. **Болымсыздық демеулігі:** түгіл, тұрсын , тұрмақ,
6. **Көңіл-күй демеулігі:**-мыс-міс, екеш.

Де –де –та-те- қосымшасының ерекшеліктері:

да-де –та-те-жатыс септігінің жалғауы	**да-де –та-те- күшейткіш демеулік**	**да-де-та-те- бірыңғай мүшелерді ыңғайластыра байланыстыратын жалғаулық шылау**
1.Жатыс септігінің жалғауы болғанда сөзге қосылып жазылады, оны түсіріп айта алмаймыз. 2.Кімде? неде? қайда? – деген сұраққа жауап береді. 3.Белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.(толықтауыш не пысықтауыш) **Мысалы: Өмірде** тозбайтын тек білім ғана.(өмірде-неде? деген сұраққа жауап беріп, толықтауыштың қызметін атқарып тұр.)	1.да-де-та-те-демеулігі сөзге, я сөйлемге күшейту мағынасын үстейді, сөзге қосылып жазылмайды. 2.сөздерді, сөйлемдерді байланыстыра алмайды. **Мысалы:**Үп-үлкен болса **да,** Нұрлан: « Мен де барайыншы»,- деп біраз қыңқылдап қойды. Сөйлемдегі да –шылауы болса деген сөзге күшейту мағынасын қосып тұрса, де –шылауы мен деген жіктеу есімдігіне тіркесіп келіп, оған күшейту мағынасын үстеп тұр, оларды басқа сөзбен байланыстырып тұрған жоқ.	1.Бірыңғай мүшелердің арасын байланыстыратын жалғаулық шылау болады. 2. Жалғаулық шылау болғанда кейде қайталанып та , кей жағдайда қайталанбай , екі сөзге, я сөйлемге ортақ болады. 3. да-де-та-те –жалғаулық шылауын түсіріп айтуға немесе жалғаулық мәндегі басқа жалғаулықпен алмастыруға болады. **Мысалы:** Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар. қалан.(Абай.) Осыдағы **де-шылауы демеулік,** ол сен сөзіне күшейту мағынасын үстеп тұр, ал **та-шылауы - жалғаулық,** ол **тап** және **бар, қалан** деген бірыңғай **баяндауыштарды** ыңғайластық мәнде байланыстырып тұр

1-тапсырма. Демеуліктерді табыңыз, мағыналарын анықтаңыз

1. – Еңбегім бар емес пе еді өзі? 2. Өзім ғана емес, жас балам анау, өзің атаған Бөрібасар да қозышың болып жүр ғой, – деді.

3. – Қалқам-ау, мынау атыңның мінезі қалай өзі? 4. Сақ болшы! – деді. 5. А-ай,-бәйбіше-ай, қарып-қасердің көзін ойғанын осы да. 6. Ыммен сөйлеуге шорқақ шалдың бұрынғы ертегілерді бұзып айтып, жанына қосып мәнерлегеніне Ақан да ішек-сілесі қата күлді. 7. Қайтсе де бір істің басталатын кезі жетіп келеді. 8. Аш түлкі інінен шықты. Тоғай арасында талай күн жорытса да, аузына ештеме іліге қоймап еді. 9. Сонда да ілгекті жүрексіздене ағыттым.

2-тапсырма. – да – де – та – те шылауының әрі жалғаулық, әрі демеулік мәнде жұмсалуына және жатыс септік тұлғасымен тұлғалас келуіне 5 сөйлем ойлап жазыңыз. Олардың әрқайсысының мағыналық, қызметтік ерекшеліктеріне талдау жасаңыз

3-тапсырма. Төменде келтірілген мысалдардан – да – де – та – те қосымшасының негізгі ерекшеліктерін тауып, талдау жасаңыз

1. Жолаушының жолдағысы жақсы, жолда болмаса, үйдегісі жақсы. 2. Жерде жатқан жұмыртқа аспанда ұшқан құс болар. 3. Судан құнар да көп, судан зиян да көп. 4. Суықта тоқ отыр, жылыда аш отыр. 5. Сүлікте сүйек жоқ. 6. Жақсы ат жарыста өлер (Мақалдар). 7. Сол сенім оның бойында майданда да, тылда да жаппай ерлік сезімін тудырды. 8. Осы кездегі адамдар жерді де теңселтіп жібергендей. 9. Оның қимылы да үдей түсуде. 10. – Қай мезгілде қанша тас керек болатынын есептеңдер де, қағаздарыңа түсіріңдер. 11. Есепте бұл да болуға тиіс (Ғ.С.). 12. Жанаттың айтқан жылы сөзі балалар мен ата-аналарды да жылытып тұрды (Ғ.Мұст.). 13. Үйлер арсында шиден ықтырма жасапты (М.Ә.).

4-тапсырма (үйге): 1. – да – де – та – те қосымшасының негізгі ерекшеліктерін ашатындай көркем әдебиеттен 5 мысал жазып келу, әрі келтірілген сөйлемге морфологиялық талдау жасау.

2. Қосымшаның негізгі ерекшеліктерін жаттау

-Ма-ме-ба-бе-па-пе шылауының зат есім жасайтын жұрнақпен ұқсастығы

-Ма-ме-ба-бе-па-пе шылауының зат есім жасайтын жұрнақтан айырмашылығы:

-Ма-ме-ба-бе-па-пе-сұраулық шылауы	-ма-ме-ба-бе-па-пе –зат есім жасайтын жұрнақ
1. Сөйлемге сұрау мәнін үстейді 2. Сұраулы сөйлем жасаудың бір жолы болып табылады 3. Өзі тіркескен сөзден бөлек жазылады. **Мысалы:** Бұрын мұнда сен болдың ба? (сұрау мәнін үстеп тұр) 4. Кейде бірыңғай мүшелерден кейін қайталанып та жұмсала береді. **Мысалы**: Ерте ме, кеш пе, пайдаға ма, зиянға ма , сен де барыңды бересің (Ғ.М.). 5. Көбінесе бұл шылау сөйлемнің баяндауышынан кейін келеді 6. Кейде бұл шылау жіктік жалғауынан бұрын да келеді. Ондайда оның тұлғасы-мы-мі-бы-бі-пы-пі болып өзгеріп, сөзбен қосылып жазылады да, одан кейін жіктік жалғауы	1. -ма-ме-ба-бе-па-пе-қосымшасы етістікке қосылғанда зат есім жасайды Мысалы: **Кес+пе, көр+ме, тер+ме** 2. -ма-ме-ба-бе-па-пе-қосымшасы сабақты етістіктерден құрал-саймандардың, бұйым – жабдықтардың, мекен – орындардың, түрлі ас – тағамдардың, кінәрат-аурулардың аттарын білдіретін есімдер тудырады. **Мысалы:** іл+ме, шап+па, суыр+ма, бу+ма, жап+па, бөл+ме, сапта+ма, жар+ма т.б. 3. Ішкі мазмұны әрқашан абстракт ұғымдардың атауларын тудырады. Мысалы: 4. ескерт+пе, баянда+ма, мазмұнда+ма, көшір+ме т.б. 5. Бұл қосымшалар сөзге қосылып жазылады 6. Белгілі бір сұраққа жауап береді.

жалғанады. **Мысалы:** Баласысың ба? - *Баласымысың? Келгенсің бе? – Келгенбісің ?*	

1-тапсырма. Сұраулық демеуліктерді тауып, қай сөздің шылауында жұмсалғанын, білдіріп тұрған мағынасын анықтаңдар

1. – Есесі кетіп жүр ме екен ? 2. – Осы ғана ма, Әбіш ? Сол-ақ па?

3. Кісі айтпаған сөз бар ма,
Тегіс ұғар қай құлақ?
Сөккенің оны ұғар ма,
Үйренген сөзге мен де ортақ (Абай).

4. – Мынау, Көкшенің тойы емес, Әмір мен Үмітей тойы ма ?

5. – Бұл жолдас жай жатыр ма?
– Оятуға болмас па екен? (М.Ә.).

6. Сүйретіле бара жатып, Қодар зор дауыспен барынша шырқап: – Ақ-қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан, қара бет? – деп, қанталаған көзімен Құнанбайға бұрылып, атып жіберердей қарады (М.Ә.). 7. – Шын тани алмадың ба? – деп Жамал езу тартты (Ғ.М.). 8. – Жерім жаман ба? Мен жаман ба? 9. «Маған сенбей ме, жеріме сенбей ме осылар?» деген оймен Шығанақ көп толғатты (Ғ.Мұст.). 10. Осындай ұлы толқын тамаққа жұмарланған дерттей бунай ма? 11. Жүрекке тас тығылғандай тыныс тарыла ма? (М.Ә.).

2-тапсырма. Жақша ішінде берілген ма-ме-ба-бе-па-пе-дегендер шылау немесе жұрнақ екенін ажыратып, дұрыс жазыңдар

1. – Енді қашан елдің сәулесін көрем? 2. Өткені (ме) осыменен қу өмір? 3. Кеткені (ме) ұшығына жеткізбей мол арман? 4. Жұртым деуге ұялудан арылам (ба), жоқ па? 5. Ғылым таппай мақтан (ба), Орын таппай баптан (ба), Құмарланып шаттан (ба), Ойнап босқа күлуге (Абай). 6. – Батырым-ау, жүдеп қалыпсың ғой. 7. Кәрілік иектеп алған (ба) деймін өзіңді?

8. – Кәрілікті мойындамасқа шама қалды (ма) ?

9. – Айта көр (ме) бұл сөзіңді, батыр (С.Ш.).

- Қош, қош, бұл кісімен жеке сөйлесіп көреміз. Сіздің өзіңіз тау жұмысына барар (ма) едіңіз? 10. Аңсаған шөлде су тапса, Бас қоймай (ма) бастауға? 11. Ақын аты ақын (ба), құрғақ сөзбен мақтаса? (Жамбыл)

12. – Зады колхозсыз ел естідің (бе), Олжеке?

13. – Бұлт ала, жер шала емес (пе), неге болмасын?

14. – Қай жерде екен?

15. - Білсем, әлдеқашан айтпаймын (ба)?

3-тапсырма. Төменде келтірілген сөздерге **ма-ме-ба-бе-па-пе қосымшасын** бірде сұраулық шылау, бірде зат есім тудырушы қосымша ретінде қосып қолдан да, негізгі айырмашылықтарын түсіндір

Суыр, бу, сапта, сал , жар, бас, кіріс, көшір, шап.

4-тапсырма. Үйге: Ескерт, жолда, баянда, мазмұнда, кезде, мін, кес деген сөздерге ма-ме-ба-бе-па-пе қосымшасын қосып, сөйлем құрастыр. Бұл қосымшалардың сөйлемде атқарып тұрған қызметіне талдау жаса.

2. Қосымшаның негізгі ерекшеліктерін жатта.

Ма-ме-ба-бе-па-пе-шылауының болымсыз етістік жасайтын жұрнақпен ұқсастығы

Етістік негізгі түбірде де, туынды түбірде де қимылдың, іс-әрекеттің болуын білдіреді. Сондықтан етістік негізгі, туынды түбір күйінде болымды мәнді білдіреді. Оларды болымды етістік дейді. Мысалы: кел, кет, «кет, апар т.б.

Болымсыз етістіктер қимылдың, іс-әрекеттің болмауын білдіреді. Ондай етістіктерді болымсыз етістіктер дейді. Қазақ тіліндегі осы болымсыз етістік жасайтын ма-ме-ба-бе-па-пе қосымшасы сұраулық демеулікпен тұлғалас. Бірақ ұқсастық жақтары болғанымен, олардың бір-бірінен айырмашылық жақтары бар.

Олардың айырмашылықтары төмендегідей:

ма-ме-ба-бе-па-пе-болымсыз етістік жасайтын жұрнақ	ма-ме-ба-бе-па-пе-сұраулық демеулік
1. ма-ме-ба-бе-па-пе қосымшасы етістіктің негізгі, туынды түбіріне қосылады.Мысалы: бар+ма, кел+ме, кет+пе,кез+бе, қаз+ба, қаш+па т.б. 2. Іс-әрекет, қимылдың болмауын, болмайтынын білдіреді. 3. Болымсыздық мағына етістіктің есімше, көсемше, шақ, рай формаларына емес, жоқ сөздерінің тіркесуі арқылы да жасалады. Мысалы: Ол барған жоқ. Оған жолаған емес, естіген жоқ едім, білмейді емес, баргамыз жоқ т.б.	1. Сұраулық демеулік болғанда сөзге қосылмайды, сөзге тіркесіп, сұраулық мағына үстейді. Мысалы: Сен келдің бе? 2. 3. 4.

1-тапсырма. Болымды етістіктен болымсыз етістік жасаңдар

Түс, байла, сөйлет, айтқыз, ойлан, ақылдас, хабарла, айтып қой, бара бер

2-тапсырма. Төмендегі етістіктерден үлгіде берілгендей көсемшенің үш түрінің болымсыз тұлғасын жасап, олармен сөйлем құраңыз

Үлгі: келмей, келмеп еді, келмегелі.

Кел, кет, қал, тұр, жүр, оқы, ойла, жаса.

3- тапсырма. Болымсыз етістіктердің жасалу жолын анықтаңыздар

1. Келген адам шайға отырмай, не шұбат ішпей кетпейді (Ғ.М.). 2. Олжабек жөнін жөнді айтпады (Ғ.Мұст.). 3. Екі көзін аттылардан әлі алған жоқ. (Ғ.Мұст.). 4. Оған Бақтығұл қараған жоқ. 5. Арада қанша мезгіл өткенін

Бақтығұл білмейді. 6. Мынау көрген-көрген емес. 7. Тоқтаған жоқ, өрлей берді. 8. Бұл тұста аңнан басқа мал да, адам да болмайды. 9. Бірақ бойын түгел жаза алған жоқ. 10. Бұл күнге дейін Бақтығұл қолдарына түспей келді. 11. Кәсібім мал өсіру емес, сауда болған. Абайды кінәламаса да, ақтамақшы емес (М.Ә.).

4-тапсырма. Ма-ме-ба-бе-па-пе қосымшасын бірде сұраулық демеулік, бірде болымсыз етістік жасайтын қосымша етіп 5 сөйлем құрастыр. Қосымша қосылған сөзге морфологиялық талдау жаса, әрі сөйлемнің қай мүшесінің қызметін анықтап тұрғандығына талдау жаса

5- тапсырма. Жақша ішінде берілген ма-ме-ба-бе-па-пе-дегендер шылау немесе жұрнақ екенін ажыратып, дұрыс жазыңдар, жетіспей тұрған тыныс белгісін қойыңдар

1. Күтемін деп уәдесін бермеп (пе) еді. 2. Ілгері баспаса, кейін кетпекші емес (пе) еді. 3. – Сағат сайын төмендеп барады, білмеймін: жазыла (ма), жоқ (па). 4. Күзгі жел ысқырып келіп соққанда, кішкене үйді ұшырып әкете (ме) дерсің. 5. Сонда бухгалтерияны есептемегеннің өзінде барлығы 19 адам болып шығады(ма) екен. 6. Әскер жібергендей, біз бір соғыс ашып жатқан қарсы тарап болыппыз (ба). 7. Әлгі айналада шаңыт (па), тұман (ба), әйтеуір көкшіл буалдыр бар. 8. – Сонда осы көрсеткіштер адамның идеялы болмақ (па).

3-тапсырма. Үйге: Көркем әдебиеттен 5 мысал жазу, негізгі ерекшеліктеріне талдау жасау

-Ды-ді –ты-ті- демеулік шылауының табыс септік жалғауымен омонимдес болуы

-Ды-ді –ты-ті қосымшасы нақтылау мәнді демеулік шылауда да, табыс септігінің жалғауында да бар. Негізгі айырмашылықтары мынадай:

-Ды-ді –ты-ті қосымшасы -нақтылау мәнді демеулік	-Ды-ді –ты-ті қосымшасы - қосымшасы табыс септігінің жалғауы
1. Өзінен бұрын тұрған сөзбен дефис арқылы жазылады. **Мысалы:** Осындай көп хабарға қанып келген-ді (М.Ә.) 2. Өзінен бұрын келген сөздің мағынасын нақтылайды 3. Демеулік шылау қызметінде тұрғанда, түсіріп тастай алмаймыз, егер түсіріп тастасақ, сөзде я сөйлемде нақтылау мәнді мағына болмай қалады	**1. Сөзге қосылып жазылады** **2. Табыс септігінің жалғауы бірде ашық, бірде жасырын түрде қолданыла береді** **3. Сөзге толықтауыштық мағына үстейді** Мысалы: **Оқуды** жақсы оқы .Оқуды деген сөздегі ды-қосымшасы – табыс септігінің жалғауы, ашық түрде, нені? – деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде тура толықтауыштың қызметін атқарып тұр 4. Етістікпен байланысады. Мысалы: нені оқы? - оқуды оқы – тура толықтауыш 5. Табыс септіктегі сөз сөйлемде бірыңғай мүше де болады. Мысалы: Кең **даланы**, таза **самалды, орманды, суды** сағынатын жұрт ылғи бір мұңды әндер салатын (Ғ. Мүсірепов).

1- тапсырма. Төмендегі мысалдардан ды-ді-ты-ті-қосымшасының қандай қосымша болып тұрғандығын анықтаңыз

1. Мылтық, алты атар тауып алғандар да бар-ды (М.Ә.). 2. Жау қоршауында қалған біздің азаматтарымыздан ат төбеліндей шағын-шағын партизан отрядтары әртүрлі жолмен келіп осы Клетня орманында тоғысқан-ды. 3. Жауған қарды жер бетіне тұрақтатпай, қуалай соққан жаяу борасын орман ішіндегі партизан тұрақтарын басып жатыр (Ә.Шәріпов). 4. Боран бірде аз толастап, қайта борап, жұртты қатты мазалап тұр (Ә.Шәріпов). 5. Ондайынды естіртпе маған (С.М.). 6. Кемелді шағына келген үлкен өнер иесінің көңілінде қиян – қилы толғақты ойлар бар екен, соларын сөз еткен-ді. 6. Бүгінгі мәңгі достықтың терең тамыры әріден басталған-ды. 7. Толқын да, ағыс та күшейген-ді (Ғ.М.). 8. Бұрынғы «жас суретші» деген анықтама әлдеқашан ұмыт болған-ды (С.Ш.).

2-тапсырма. Ды –ді ты-ті қосымшасын бірде демеулік, бірде табыс септігінің жалғауы етіп сөйлем құрастырыңыз. Қосымша тұрған сөзге морфологиялық талдау жасаңыз және сөйлемде қай мүшенің қызметін атқарып тұрғанын анықтаңыз.

-Ды-ді ты-ті қосымшасының сын есім тудырушы жұрнақпен омонимдес болуы

Сын есім –заттың сындық белгісін білдіретін сөз табы. Сондықтан ол зат есімнің алдынан ешбір қосымшасыз келіп тіркесіп сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады. **Мысалы:** асыл мұра, әсем ән, жақсы кітап, қызық әңгіме т.б.

Сын есім құрамы жағынан негізгі, туынды сын есім бөлінеді.

Негізгі сын есімдер – ешбір қосымшасыз түбір күйінде қолданылатын сын есімдер. Мысалы: қаар, көк, ақ, пәк, терең т.б.

Туынды сын есімдер – басқа сөз табынан жұрнақ арқылы жасалған сын есімдер.

Сын есім тудырушы жұрнақтар есім сөзден сын есім тудырушы жұрнақ, етістіктен сын есім тудырушы жұрнақ екіге бөлінеді.

Есім сөздерден сын есім тудырушы – ды – ді – ты – ті жұрнағы демеулік шылаумен, табыс септігінің жалғауымен омонимдес қосымша болып келеді.

Сын есім тудырушы жұрнақ болған кездегі негізгі ерекшелігі:

1. Бұл қосымшалар зат есімге қосылып, зат есімді туынды, қатыстық сын есімге айналдырады. Мысалы: тас+ты жер, гүл+ді орман , көрген+ді бала, әдеп+ті бала, т.б.

2. Бұл қосымшалар сөзге қосылғанда негізгі, туынды сын есімдерден, олардың нақты лексикалық мағынасына қарай белгілі бір заттың я басқа бір құбылыстың бар екенін я мол екенін білдіретін туынды сын есімдер жасалады. Мысалы: атақ+ты батыр, шөп+ті алқап, **ағаш+ты** орман, т.б.

3. Қосарланған зат есімнен де, сын есімнен де, сан есімнен де, үстеуден де мағына жағынан әрі қосарланған сол екі сөздің де мазмұндарымен тікелей байланысты, әрі екеуінің де мазмұндарын қоса қамтитын күрделі сын есімдер жасалады. Мысалы: үлкенді-кішілі, бұрынды –соңды, таулы-тасты, жоғарылы-төменді т.б.

4. Екі-үш сөзден құралып, суреттеме атаулар есебінде қызмет ететін әр алуан тіркестерден де күрделі сын есімдер жасалады. Мысалы: ақ бас+ты, қаз мойын+ды, ай қабақ+ты, теке сақал+ды т.б.

1-тапсырма. Төменде келтірілген мысалдардан сын есімдердің жасалу жолына, негізгі ерекшеліктеріне талдау жаса

1. Таң атысымен ақ сақалды, ақ шашты қариялар келе бастады (С.О.). 2. Көкшетау – төңірегі ну орманды, топырағы құнарлы, шұрайлы жер.(Б.С.). 3. Машинаның әйнегін шашыранды су жауып кеткен (Н.Т.). 4. Жіңішке сабақты шөптердің арасынан түсті жапырақтар жарыса шығыпты (В.Г.). 5. Ақ гүлді жоңышқа қол шатыр тәрізді (В.Г.). 6. Мұнда байланыс пен бақылауға керекті аспаптың бәрі бар (Н.Т.). 7. Үлкенді – кішілі ауылдар еруліктерін де ұмытпады. (Ә.Б.). 8. Өркешті семіз түйелер, қарағай мүйізді ту өгідер, қамыс құлақ, жібек жалды сәйгүліктер әкелінген (Ә.Б.).

2-тапсырма. 1. -Ды-ді-ты –ті қосымшасын бірде сын есім тудырушы жұрнақ, бірде табыс септігінің жалғауы, енді бірде демеулік шылау етіп 6 мысал жаз. 2. Қосымша жалғанған сөзге морфологиялық талдау жаса және сөйлемде қандай қызмет атқарып тұрғанын анықта

3-тапсырма. Жақша ішінде берілген ды-ді-ты-ті-дегендер шылау немесе жұрнақ екенін ажыратып, дұрыс жазыңдар, жетіспей тұрған тыныс белгісін қойыңдар

1. Қардан аппақ ешнәрсе жоқ, ұстасаң, қолың (ды) тоңдырады. Қазаннан қара нәрсе жоқ, ішіндегісін ішсең, мейірің (ді) қандарады. 2. Қатпыш қара (ны) оза дабыра –дақпырт еткен елде де көз қалмаған екен-ау! – дейді нығырта. 3. Ешнияз Тыныстың үйіне келіп (ті). (Ғ.С.). 4. Жетпіске келдім, жеңілгенім (ді) білдім, бала мен келінге билігім (ді) бердім, айтқанына көндім, айдауына жүрдім (Жетес би.).

5. Ақыл (ды) әрі адал адамға жақындауға талпын, ақыл (ды) әрі өтірікші адамнан сақ бол, адал әрі ақымақ адам (ды) ая, өтірікші әрі ақымақ адамнан сақ бол, аулақ қаш. (Үнді нақылдарынан.) 6. Байлық пен баян (ды) денсаулық, дос пен тілі тәтті әйел, тіл алғыш ұл мен пайдалы білім – бұл ғаламдағы алты игілік

осы. **7.** Шалғын арасынан шегірткелер (ді), құмырсқалар (ды), түрлі құрттар (ды) көресің (С.М.).

8. Балапан (ды) күн сәулесі түсіп тұрған терезенің алдындағы стол үстіне отырғызды. (Н.Ғ.) **9.** Ол басынан бәрін білген (ді). **10.** Нағимаш былтырғы жылы осы ауылға бір келіп кеткен (ді). **11.** Екеулеп сексеуіл (ді) түсірді. (Қ.А.)

Ды-ді-ты-ті – қосымшасының III жақ жіктік жалғауының қызметін атқаруы

Жіктік жалғау тек қана синтаксистік қызмет атқарады. Өйткені жіктік жалғаулы сөз сөйлемде баяндауыштың қызметін атқарады. Олай болса, **жіктік жалғау – баяндауышқа тән жалғау.**

Жіктеу категориясы – қазіргі қазақ тілінде тек етістікке ғана тән қасиет емес, баяндауыш болып қызмет атқара алатын өзге де сөз таптарына, соның ішінде есімдерге тән қасиет. Олай дейтін себебіміз – баяндауыш болатын сөз әрқашан бастауышпен жақтасып, тиісті жіктік жалғауды қабылдайды. **Мысалы:** бала жазыпты, ол оқыпты, т.б.

2. Сөздер 3 жақта, жекеше, көпше түрде жіктеледі. **3.** Негізінен етістікке, есім сөздерге жалғанады.

Жақ	Жекеше	Жақ	Көпше
I жақ. Мен	мын-мін-бын-бін-пын-пін	I жақ. Біз	мыз-міз-быз-біз-пыз-піз
II жақ Сен	сың-сің	II жақ Сендер	сыңдар-сіздер
II жақ. Сыпайы түрі. Сіз	сыз-сіз	II жақ. Сыпайы түрі. Сіздер	сыздар – сіздер
III жақ. Ол	ды-ді-ты-ті(көсемшенің а-е-й,-ып-іп-п жұрнағынан кейін)	III жақ. Олар	ды-ді-ты-ті-(көсемшенің а-е-й,-ып-іп-п жұрнағынан кейін)

Сөздің 3-жағына жіктік жалғауы тек көсемшенің- ып-іп –п-а-е-й- түрлерінен кейін жалғанады.

Жіктелу үлгісі:

Жекеше

Мен бар-а-мын, бар-ып-пын, кел-е-мін, кел-іп-пін
Сен бар-а-сың, бар-ып-сың, кел-е-сің, кел-іп-сің
Сіз бар-а-сыз, бар-ып-сыз, кел-е-сіз, кел-іп-сіз
Ол бар-а-ды, бар-ып-ты, кел-е-ді, кел-іп-ті.

Көпше

Біз бар-а-мыз, бар-ып-пыз, кел-е-міз, кел-іп-піз
Сендер бар-а-сыңдар , бар-ып-сыңдар, кел-е-сіңдер, кел-іп-сіңдер
Сіздер бар-а-сыздар, бар-ып-сыздар. Кел-е-сіздер, кел-іп-сіздер
Олар бар-а-ды, бар-ып-ты, кел-е-ді, кел-іп-ті.

Жіктік жалғаудың III жағының қосымшасы (көсемшенің а-е-й,-ып-іп-п жұрнағынан кейін жалғанатын ды-ді-ты-ті жалғауы) ды-ді-ты-ті- жедел өткен шақ жасайтын қосымшамен омонимдес.

Бұл қосымшалардың тұлғалары бірдей болғанымен, мағынасы мен қызметі басқа –басқа.

Айырмашылықтары мынадай:

1. III жақ жіктік жалғауы шақ мағынасын білдірмейді.

2. Жедел өткен шақтың жұрнағы жақ мағынасын білдірмейді.Мысалы: барыпты, келеді деген сөздердегі соңғы ты-ді жалғаулары жедел өткен шақ мағынасын білдіріп тұрған жоқ.

3. -Ды-ді-ты-ті- қосымшасы етістікке тікелей қосылғанда жедел өткен шақ мағынасын білдіреді. Мысалы: ол бар+ды, кел+ді, т.б.

4. -Ды-ді-ты-ті- қосымшасы етістікке көсемшенің а-е-й,-ып-іп-п жұрнағынан кейін жалғанғанда , жіктік жалғаудың III жағының қызметін атқарады.

Мысалы: кет+іп +ті, көр+іп+ті, т.б.

5. Жедел өткен шақта жұрнақтың қызметін атқарса, жіктік жалғауда жалғаудың қызметін атқарады.

1-тапсырма. Төмендегі мысалдардан көсемшенің а-е-й – ып –іп-п-жұрнағынан кейін жалғанған жіктік жалғауын табыңыз, түбірі мен қосымшасын ажыратыңыз

1. Қобыз үні бейнебір жортқан аттың аяқ дыбысына түсіп, созыла беріпті. 2. Бебеу қаққан қыл сыңсып жылағанда әкем де, тоқым төсегінен тұрмай отырған жолдасы да езіліп, көз жастары тамшылап жүре береді. 3. Қарапайым қазақ әулетінен шығып, интернатта білім алып, ащы мен тұщының, қиын мен қызықтың арасын титтейінен пайымдаған Айман Мұсаханджаева туралы ел осыны біледі. 4. Бір бәйтеректің сабағындай тұтас көгеріп, жарасып, жарысып бүр жарған бір әулеттің төрт қызы көңілге осындай тылсым сезім ұялатады. 5. Көз ұшында шағаладай шаңқан ақ желкендер көрінеді. 6. Осы бір таза ауаны кеуденді толтыра жұта бергің келеді. 7. Көгілдір кеңістікте шоршып сары сазандар ойнайды.

2- тапсырма. Төменде келтірілген мысалдардан жіктік жалғауы мен жедел өткен шақтың жұрнақтарын бөліп ажырат. Ерекшеліктерін түсіндір

1. Базаралы елге келгелі айдай уақыт өтті. 2. Байжан Сыр еліне араласқалы бұл жердегі қазақтардың үй іші қырдағы елден жасаулы болатынын байқаған еді. 3. Майданға аттанғалы көздері әскерге үйренген Дәулет пен Масақбайға бұл өлкеге өскен ағаштардың әскерлер сияқтанып кетеді. 4. Оқу-тәжірибе учаскесін жолдан көре кетті. 5. Біз оты көмескілене жанған Архиптің күркесіне қарай беттеп келеміз. 6. Сабақ біткелі екі аптадай уақыт өтті (С.Қ.). 7. Мезгілі өтіп бара жатқан қалың балауса, көк шалғынның жұпар иісі таңғы кіршіксіз таза ауамен араласып мұрынды жарады. 8. Володя тоғыз жарым жасқа

толғанда, гимназияның бірінші класына оқуға түсті. 9. Шынымен дүбір шықты. 10. Бүгінгі жиналыста шопандар міндеттеме қабылдасты

3-тапсырма. Ды-ді-ты-ті қосымшасының 5 түрлі ерекшеліктерін ашатындай

5 мысал жаз. Атқаратын қызметін, еркшеліктерін түсіндір.

4-тапсырма. Үйге: 1. Ды-ді-ты-ті қосымшасының 5 түрлі ерекшеліктерін жатта.

2. Көркем әдебиеттен мысал келтір.

-ды-ді-ты-ті қосымшасының жедел өткен шақ жұрнағымен омонимдес болуы.

Шақ – етістіктің негізгі категорияларының бірі. Шақ қимылдың жасалып жатқанын, келешекте жасалатынын, жасалып қойғанын білдіретін категория.

Негізгі ерекшеліктері мынадай:

1. Қимылдың жасалу мезгілін (сағатын, күнін) нақты дәл көрсете алмайды.

2. Етістіктің шақ категориясында қимылдың жасалу мезгілі сөйлеушінің хабарлау кезі негізінде белгіленеді.

3. Сөйлеушінің хабарлап тұрған мезгілі негізгі нүкте (мезгіл) ретінде саналып, қимылдың сөйлеушінің хабарлау кезінен бұрын, сол кезеңде болып жатқаны я одан кейін болатынына қарай шақтың түрлері белгіленеді

4. Шақ үш түрлі. Осы шақ, келер шақ, өткен шақ.

Әр шақтың өзіне тән сипаттары мен ерекшеліктері бар.

Осы шақ. Қимылдың сөйлеушінің хабарлап тұрған кезінде болып жатқан не үнемі дағдылы қимылды білдіреді. Мен тыңдап отырмын.

Келер шақ қимылдың сөйлеушінің хабарлаған кезінен кейін болатын қимылды білдіреді. Мысалы. Ол ертең келеді.

Өткен шақ. Қимыл – әрекеттің сөйлеушінің хабарлаған кезінен бұрын болғанын білдіреді. Ол кеше келген. Өткен шақ үш түрлі. Бұрынғы өткен шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы өткен шақ.

Жедел өткен шақ – жақын арада, жуықта болған қимылды білдіреді.

Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне **–ды-ді-ты-ті жұрнағы,** одан кейін жіктік жалғаудың қысқа түрі жалғану арқылы жасалады.

2. Дара, күрделі түрде қолданылады. Өткен шақтың бұл түрінің болымсыз түрі синтетикалық тәсіл бойынша -ма- ме жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы: бар +ма+ды +м, бар+ма+ды+ң, бар+ма+ды.

3. Жедел өткен шақтың жұрнағы етістікке тікелей жалғанады. **Мысалы:** бар+ды, кел+ді, кет+ті, бер+ді т.б.

4. Жедел өткен шақтың жұрнағы жақ мағынасын білдірмейді.

1-тапсырма: Мәтіннен жедел өткен шақты білдіріп тұрған етістіктерді тауып. қалай жасалғандығына талдау жасаңыз

1. Жұрттың бәрі соған қарай дүрлікті, біреу қолын бұлғады, біреулері оның атын атап айқайлады. 2. Күн ұзаққа мүлгіп, тілсізденіп тұрған ауыл бірден жанданып кеткен сияқты болды, шелегін алып әйелдер шықты (Б.Майлин). 3. Түн ортасы ауа ай жарығымен сөз байлаған кісілер жолбарыс жорығына қамданды. 4. (С.Бегалин) Ортақ қордан Шынболат колхозға кең клуб салдырды 5. (С.Мұқанов.) Қара адырдан бес-алты шақырымдай ұзап шықты (М.Ә.). 6. Келін деп кем көрмей, тең адамша сырласып, ұзақ сөйлесті. 7. (З.Ахметова.) Апасы үйме табақ еттің үстіне көк жуа тураған тұздық құйды (Д.Досжанов).

2-тапсырма. Жедел өткен шақтағы етістіктерді табыңыз, шақ жасаушы қосымшалардың астын сызыңыз, ұқсас қосымшаларды анықтаңыз

1. Бір тоғыз мал қосып түйе мен атты Панның өзі алды. 2. Ол еш уақытта қарсыласпайды. 3. Көкжиекті кемерлеген қара бұлт аспан төріне қарай жөңкіле сырғып келді. 4. Маңына жолатқысы келмей, әдейі зілді етіп айтты. (Ғ.Мүсірепов.) 5. Тобылғы сапты қамшы ат бауырына орала тартылды. (Б.Майлин.) 6. Ақан сері сергіп сала берді. (Т.Әлімқұлов.) 7. Тәттімбет томағасы сыпырылған қырандай қиянды шола бастады. (Т.Әлімқұлов.)

3-тапсырма. Ды-ді ты-ті қосымшасын бірде табыс септігінің жалғауы, бірде жедел өткен шақтың жұрнағы, бірде демеулік шылаудың жұрнағы, бірде сын есім жасайтын жұрнақ ретінде қолданып, 4 сөйлем құрастыр. Қолданылу ерекшеліктерін түсіндір

4- тапсырма. Ды-ді-ты-ті –бірде сын есім жасайтын, бірде жедел өткен шақтың мағынасын білдіретіндей етіп қолданып, 6 сөйлем құрастыр

-Қы-кі-ғы-ғі- қалау рай тудырушы жұрнағының сын есім тудырушы жұрнақпен ұқсастығы

Рай дегеніміз – қимыл-әрекеттің шындық өмірге қатысын білдіретін категория. Әр сөйлеуші қимылдың шындық өмірге қатысын өз түсінігі бойынша білдіреді. Мысалы: Ол кеше келген. Жанат оқуды бітірсе екен. Менің оқығым келеді. Бұл сөйлемдерде қимылдың шындық өмірге қатысы берілген. Бірінше сөйлемде қимылдың мезгілдік қатысы, 2-сөйлемде қимылдың шындық өмірде жасалуын сөйлеушінің қалайтыны, 3-сөйлемде қимылдың жасалуын сөйлеушінің тілейтіндігі білдірілген. Сөйлеушінің көзқарасы түрлі болуына байланысты рай ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай деп 4- ке бөлінеді.

Қалау райы қимылдың жасалуын сөйлеушінің қалайтынын, тілейтінін білдіреді. Мысалы: Оның **оқығысы келеді**. Ол тез **келсе екен.**

Қалау рай ерікті қалау рай, тілекті қалау рай болып екіге бөлінеді.

Қалау райдың түрлерінің жасалуы:

Ерікті қалау рай	Тілекті қалау рай
1. Қимылдың жасалуын субъектінің қалайтынын, ұнататынын білдіреді. **Мысалы:** Сенің әнші болғың келеді. Менің дәрігер болғым келеді. **2.** Етістіктің түбіріне **–ғы-гі –қы-кі жұрнағы жалғанып** оған **тәуелдік жалғауы** үстеледі де, **кел көмекші етістінің тіркеседі.** Мысалы: бар+ғы+м келеді, бар+ғы +сы келеді, кет+кі+міз келеді, т.б. **3.** Ерікті қалау райда қалау мағынасының кімге қатысты екендігі- ғы жұрнағынан кейін жалғанатын тәуелдік жалғауы арқылы жасалады.	**1.** Қимылдың жасалуын субъектінің, сөйлеушінің тілейтінін білдіреді. **Мысалы:** келсе екен, келсе игі еді, келгей, барғай т.б. **2. етістіктің түбіріне –ғай-гей-қай-кей** жұрнақтары жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы жалғанады.Қарағым, тезірек кел+гей+сің . **3. қай еді, - кей еді,-ғай еді,-гей еді** форманты арқылы да жасалады. Мысалы: бар+ғай еді, кел+гей еді, т.б.

Ерікті қалау рай жасаушы қы-кі-ғы-гі жұрнағы сын есім жасайтын қы-кі-ғы-гі жұрнағымен тұлғалас. Бірақ атқаратын қызметтері бірдей емес. **Айырмашылықтары төмендегідей:**

қы-кі-ғы-гі жұрнағы қалау рай жасайтын жұрнақ	қы-кі-ғы-гі жұрнағы сын есім жасайтын жұрнақ
1. Етістікке жалғанады. **2.** Іс иесінің қимылды , іс-әрекетті қалауын, ниетін білдіреді. Мысалы: менің оқығым келеді. **3.** Етістікке жалғанғанда қайткісі келеді?-деген сұраққа жауап береді. **4.** Баяндауыш қызметін атқарады.	**1.** Қы-кі-ғы-гі жұрнағы арқылы кейбір зат есімдерден, үстеулерден, жатыс септік формасындағы әредік шығыс септік формасындағы сөздерден туынды сын есім жасалады. Мысалы: ауыз+ғы, төр+гі, түп+кі, төмен+гі, жоғар+ғы, сөйлеген+де+гі, цех+та+ғы, мектеп+те+гі, көк+те+гі т.б. **2.** Мезгілдік ұғымды білдіретін кейбір зат есімдер мен есімдіктерге, мезгілдік үстеулерге жалғанып, мазмұндары солардың лексикалық мағыналарына қатысты туынды сын есім жасалады. Мысалы: кеш+кі, түс+кі, күз+гі, көктем+гі, түн+гі, күндіз+гі т.б. **3.** Қандай? Қай?-деген сұраққа жауап береді. **4.** Анықтауыш қызметін атқарады.

1-тапсырма. Ерікті қалау рай формасындағы етісті табыңыз, қай түрі екенін ажыратып, рай жасаушы көрсекішті бөліп көрсетіңіз

1. Енді айнаны қарсы алдыма қойып, өзіме таныс ниеттерімнің жауабын алғым келді. **2.** Дүние кең, өмір шалқар теңіз, сен еркін жүзе бергің келеді (С.М.). **3.** Мен алыстан орағытып, соны да аңғарта кеткім келді. **4.** Бірақ өз жайларымның бар шындығын Абайдан іріккісі келмеген (Ғ.М.). **5.** Әлгі неменің

бұның алдында көп тұрғысы келмей, тез шығып кетуінің де сыры бар. 6. Беті ауған жаққа қаңғырып кеткісі келді, ойда – жоқта ойран қып кеткен оспадарсыз сөзін де тезірек ұмытқысы келді (М.Ә.).

2-тапсырма. Кешкі, түскі, жазғы, қысқы, ертеңгі, көктемгі, күзгі деген туынды сын есімдерді қатыстырып сөйлем құрастырыңыз

3-тапсырма. Кешкі, түскі, жазғы, қысқы деген сөздерге әуелі тәуелдік жалғауын, одан кейін кел көмекші етістігін тіркеп барып сөйлем құрастырыңыз

4-тапсырма. 1. Жоғарғы, ішкі, артқы, орталықтағы, көктегі, түпкі, төменгі, сөйлегендегі, зауыттағы, соңғы деген сөздерді қатыстырып, туынды сын есім жасаңыз. **2.** Өзіңіз құрастырған 2 сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз

5- тапсырма. Жақша ішінде берілген ғы-гі-қы-кі-дегендер қалау рай немесе сын есім жасайтын жұрнақ екенін ажыратып, дұрыс жазыңдар, жетіспей тұрған тыныс белгісін қойыңдар

1. Бұрын (ғы) бұйығып тұратын жабың (қы) Сәрсенбай емес, ашыла қалжыңдады. 2. Түске жақын жоғары биікте шет жақтары үлпілдек, ағарың (қы) дөңгелек сұрғылт ұшпа бұлттар пайда болады (А.Ж.). 3. Оның көзінше Торғынға бір де бір сөз айт (қы) сы келмеді. 4. Байдың тұжырымына Кәрімнің қайта жауап бер (гі) сі келеген жоқ (Т.Тұрсынқұлов). 5. Әдемі де жина (қы) киініп жүру – қыз балалардың көп көңіл бөлетін қажеттерінің бірі (С.Қ.) 6. Бұл хабарды Омархан әкесі Әуезге айтқанмен, Мұхтарға сездір (гі) сі келмеді (М.Ә.). 7.Ақ жаға салынып, бірыңғай түсті матадан, әдемі үлгімен тігілген көйлек жасөспірім қыз баланы өте сүйкімід, жина (қы) етіп көрсетеді. 8. Сол ілтипатын жасыр (ғы) сы да жоқ. 9. Көктемде (гі) добал аяқ, сабау құйрық, шардақ қарын маубас күшік қазір үлкен тызыға айналған (Ғ.С.). 10. Қыздың бүгін Абайдан сыр бүк (кі) сі келмеді (М.Ә.). 11. Осы бір бұйы (ғы) отырған орныңнан қозғал (ғы) ң келмейді. Төрде (гі) үстел басында аласа бойлы, бойы ортадан әнтек жоғары , өткір, отты көзді, өңі жылы қазақ жігітін көрді. 12. – Кет деймін, ажалыңнан бұрын өл (гі) ң келмесе – деп Қасымбек Арынды кеудеден тағы итеріп тастады (Е.Қ.).

6-тапсырма. Қы-кі-ғы-гі қосымшасының бірде сын есім, бірде қалау рай ретінде сөйлем құрастыр

Қы-кі-ғы-гі қосымшасының зат есім тудыратын жұрнақпен омонимдес болуы

Қы-кі-ғы-гі қосымшасы омонимдес қосымшаға жатады.

Бұл қосымшаның атқаратын қызметтері төмендегідей:

1. Қы-кі-ғы-гі - ерікті қалау рай тудырушы жұрнақ;

2. Қы-кі-ғы-гі- туынды сын есім жасаушы жұрнақ;

3. Қы-кі-ғы-гі- зат есім жасайтын жұрнақ.

Зат есім жасайтын жұрнақ ретінде қолданылғандағы негізгі ерекшеліктері:

1.Қы-кі-ғы-гі- зат есім жасайтын жұрнақ.	**1.** Етістікке жалғанғанда, олардан туынды зат есімдер жасалады. Мысалы: бұр+ғы, сүз+гі, шап+қы, шал+ғы т.б. **2.** Зат есімнің сөйлемдегі атқаратын қызметіне қарай, сөйлемде әртүрлі қызмет атқарады **3.** Септеле алады **4.** Атау септікте тұрғанда не? деген сұраққа жауап беріп, ойдың иесі болады, бастауыш қызметін атқарады **5.** кы-кі-ғы-гі-қосымшасы жалғанған туынды зат есім ілік септігінде тұрса, анықтауыштың қызметін атқарады. **Мысалы:** Шал+ғы+ның жүзі өткір екен **6.** Барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде тұрғанда, толықтауыштың қызметін атқарады. Мысалы: Бұрғымен бұрады. Немен бұрады?-бұрғымен-көмектес септігінде тұр, толықтауыш

1-тапсырма. Төмендегі мысалдардан кы-кі-ғы-гі қосымшасының қандай қосымша болып тұрғандығын анықтаңыз

1. Ауылға келіп, колхозға бастық болғым келді. **2.** Кейде терең ойдан айығу үшін серуендеп кеткім келеді. **3.** Мына даланың өткенінкөріп өкінсем, ескенін көріп жетілгім келеді. **4.** Папа, Жұмекең туралы ақиқатты өз аузыңнан естігім келеді. **5.** Ешқайда барғысы келмейді. **6.** Әжемнің көңілін аулап, қасында болғым келеді. **7.** Туды биік ұстауға тырысып, қолымды жоғары көтере бергім келеді. **8.**Шалғыншылардың егістік алқабына жиналды. **9.** Қатты затты бөле алмасаң, шапқыны пайдалан. **10.** Бұрғыны көбінесе шахта жұмыскерлері қолданады. **11.** Сүзгіні тұрмыста пайдаланатын заттардың қатарына жатқызамыз.

2-тапсырма. -Қы-кі-ғы-гі қосымшасының 3 түрлі қызметін ашатындай мысал келтір. Салыстырмалы түрде ерекшеліктерін түсіндір

3-тапсырма. Қы-кі-ғы-гі қосымшасының туынды зат есім қызметінде жұмсалғанына 5 мысал келтір

У – жұрнағының бірде тұйық етістік, бірде зат есім жасайтын жұрнақпен ұқсастығы

Тұйық етістік қимылдың атын білдіреді. Етістіктің түбіріне – у жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. **Мысалы:** кел+у, бар+у, кет+у, сөйле+у, тыңда+у, әкел+у, көр+у, т.б.

Тұйық етістіктің – у жұрнағы, етістіктен зат есім жасайтын – у жұрнағымен тұлғалас. Мысалы: **жама+у-ды жақсылап жама, саба+у+мен** сабалап ұрды т.б.

Негізгі айырмашылықтары мен ұқсастық жақтары мыналар:

У- тұйық етістік жасайтын жұрнақ	**У- етістіктен туынды зат есім жасайтын жұрнақ**
1. Тұйық етістік жаққа, шаққа түрленбейді **2.** Зат есімнің жалғауларын қабылдай алады (көптік, септік, тәуелдік жалғауларын) **Мысалы: келу, келудің, келуге, келуді, келуде, келуім, келуің, келуі, барулары, баруларына т.б.** **3.** Етістіктің негізгі, туынды, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына –у жұрнағы жалғана алады. **Мысалы: сұра+у, шеге+ле+у, айт+қыз+у, сөйле+с+у, т.б.** **4. Қимылдың атауын білдіреді** **5. керек көмекші етістігімен тіркесіп қолданылады да модальдылық мағына тудырады** **6. Тұйық етістік жасайтын жұрнақ ретінде қолданылғанда не істеу керек? қайту керек? деген сұраққа жауап береді**	**1.** Тұйық етістіктердің кейбірі белгілі бір заттың, көбінесе құрал-саймандардың атын білдіріп, зат есім болып кеткен. **Мысалы; көсе+у (отты көсейтін құрал), саба+у (жүнді сабайтын шыбық), жаса+у (қызға жиналған дүние-мүлік), еге+у (темірді егейтін құрал), қаша+у (ағашты тесетін. қырнайтын құрал) т.б.** **Мысалы:** Көсеу ұзын болса, қолың күймейді. (Мақал) Көсеу – деген сөз сөйлемде не? – деген сұраққа жауап беріп, зат есім болып тұр. **2.** Заттың *атын білдіреді.* **3.** У – жұрнағы зат есім жасайтын жұрнақ ретінде қолданылғанда не? деген сұраққа жауап береді

1-тапсырма. Тұйық етістіктерді табыңыз, түрлену жүйесін анықтаңыз, қандай сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалғанын анықтаңыз

1. – Әңгіме оның жығылу, жығуында емес. **2.** Оншалық әңгімелесуге әзір тілі жетпейді. **3.** Палуандар бас көтеру, темір бұрау, кеудеге қойып тас сындыру, рельске мінгізіп кісі көтеру, тісімен тістеп арба тарту, шалқасынан жатып үстінен ат-арба жүргізу сияқтыларды үйренді. **4.** Тілеген уақытында нұсқау беріп күрес өнерін үйретуді жетекші палуандарға тапсырды. (Қ.Әбдікадыров.). **5.** – Менің Қарамолаға жауапқа баруым мен Оспанның жылын беруімізді Тәкежан әдейі байланыстырды ғой. **6.** Әбішті қойып болысымен Мағаштар Абайдың шақыруымен, асықтыруымен Семейге тығыз-ақ жүріп еді (М.Ә.).

2-тапсырма. Тұйық етістік жасайтын – у жұрнағы мен омоним қосымшаны табыңыз

1. Қалаға да іздеу салып, табу керек. **2.** Дұшпандар қаруын тастап, тысқа шығуын талап етті. **3.** Жаулардың бұл әрекетін іштен шалу деп білу керек. **4.** Көпшілікке тез арада бар шындықты айтып жеткізу, ұқтыру қажет. **5.** Абдулла балаға келешекте оқу іздеу керектігін қатты ескертті. **6.** Абдулла қала тұрғындарын әскер тұрған жерге жеткізудің қамын ойлады. **7.** Дұшпанды шекараға қарай тықсыра беруіміз керек. **8.** Уақытты өткізіп алсақ, олардың

қайта бүлік шығаруы мүмкін. 9. Алда Жаркент қаласы бар. 10. Ондағы дүшпанды қуу өз алдына, онда жүзеге асырар басқа да шаралар бар. 11. Зәкір мен Соңур ағаларың Дутовтың шабуылын қайта болдырмаудың әрекетімен жүр. 12. Абдулла Әкімжанға қараймен болды. 13. Соңғы жылдары үнемі іздену, үйрену, түсіндіру жолымен жүрген Абдулланың бетінен шаршау белгілері байқалатын (Х.А.).

3-тапсырма. Берілген сөздерді әрі тұйық етістік, әрі зат есім ретінде қолданып, әрқайсысына екі сөйлемнен құрастыр

Жалғау. Құрсау. Сабау. Қашау. Егеу. Оқу. Көсеу. Жабу.

4- тапсырма. Мысалдардан – у жұрнақты тұйық етістік пен зат есімді ажыратыңдар, тұлғасына талдау жасаңдар

1. Құмырсқалар тіршілігіне саликалы ойлау, қимылдау жүйесі тән деп қабылдаған дұрыс. 2. Әр илеудің нақтыланған өз аумағы бар. 3. Шекарашылар тобы келесі сәтте-ақ сіздің желкеңізді қиып үлгеруі мүмкін. 4. Құмырсқалар жеңілген илеуден өздерімен бірге болашақта ішінен құмырсқалар өсіп-өніп шығатын қуыршақтарды ғана тасып алып кетеді. 5. Олар илеу ішінде ғана жұмыс істейді. 6. Құл құмырсқаның өсу сатысыда қызық. Алдымен бала күтуші болады. Осы сындардан сүрінбей өтсе, құрылысшы, сақшы не барлаушы болуға қақысы бар. 7. Кейде қонақ күткен илеуде меймандардың үштен біріндейі кері қайтпай, қалып қоятын кездері бар (П.М.).

С-қосымшасының бірде етіс, бірде есімшенің жұрнағы болуы

Етіс дегеніміз – қимылдың, іс-әрекеттің орындаушыға, яғни қимыл иесінің істелетін іске қатысын білдіру үшін белгілі бір қосымшалар арқылы жасалатын етістіктің түрі.

Қазақ тіліндегі етістің түрлері	Жұрнақтары
1 Өздік етіс	ын-ін-н
2. Өзгелік етіс	тыр-тір-дыр-дір-қыз-кіз-ғыз-гіз-ыр-ір-т
3. Ырықсыз етіс	-ыл-іл-л және ын-ін-н
4.Ортақ етіс	ыс- іс- с

Есімше дегеніміз – қимыл-әрекетті білдірумен бірге есім сөздің де белгілерін білдіретін етістіктің түрі.

Есімшенің түрлері	Жұрнақтары
1. Өткен шақ есімше	-қан-кен-ған-ген
2. Болжалды келер шақ есімше	-ар-ер-р-с
3. Мақсатты келер шақ есімше	-мақ-мек-пақ-пек-бақ-бек
4.Ауыспалы өткен шақ есімше	-атын-етін-йтын-йтін

Кестеден көріп отырғанымыздай, **с-қосымшасы** етіс категориясында да, етістіктің ерекше бір категориясы есімшеде де бар.

С-қосымшасының екі түрлі мәнде қолданылуының негізгі ерекшеліктері:

С-қосымшасының етіс жасайтын жұрнақ ретінде қолданылуы	С-қосымшасының есімше жасайтын жұрнақ ретінде қолданылуы
1. С-қосымшасы негізгі етістікке жалғанып, ортақ етіс жасайды: Олар бір-біріне жақта+с+ты, Қазір олармен сөйле+с+пек, т.б. **2.** Ортақ етіс жасауға қатысқанда іс-әрекет қимылды бірнеше адам орындағанын немесе орындауға қатысқанын білдіреді **3.** Сөйлемде баяндауыштың қызметін атқарады: Жұмысшылар үйлеріне **тара+с+ты**	1. Етістікке тікелей жалғанбайды 2. Болымсыз етістіктің ма-ме-па-пе-қосымшасынан кейін жалғанады Мысалы: айт+па+с, жүр+ме+с, кет+пе+с, бер+ме+с ,шеш+пе+с, ұял+ма+с т.б. 3. Болжалды келер шақтық есімше жасайды. 4. Шақтық көрсеткіш көрсеткендіктен, ол жіктеледі, сөйлемде баяндауыш болады. Мысалы: Оған шындықты **айт+па+с+пын.**

1-тапсырма. Төмендегі мысалдардан ортақ етіс жұрнағын табыңыз, қалай жасалып тұрғанын анықтап, оларға тұлғалық талдау жасаңыз

Үлгі: Ортақ етіс- шуласты. Түбірі-шу, ла- зат есімнен етістік тудыратын жұрнақ, с- ортақ етіс жасайтын жұрнақ, ты- жедел еткен шақтың жұрнағы.

1. Дос үй иесімен қол беріп амандасты. **2.** Елең ете қалысты. **3.** Бәрі де қаруға жармасты. **4.** Біз енді ұйықтамауға кірістік. **5.** Тіпті қарт кісілердің өзі әрең отырысты. **6.** Бүгінгі жиналыста шопандар міндеттеме қабылдасты. **7.** Отырғандар бірнеше рудың атын санасты. **8.** Олар күн ұясына еңкейе ауылдарына тарасты. **9.** Екеулеп сексеуілді түсірді. **10.** Білеубай қажының үйінде болғандарды түгел атап берісті. **11.**Түйені қораның сыртындағы төбеден асырды. **12.** Өздері үй жаққа қарап қойысып, мәз бола күлісті. **13.** Балзия қақпаның алдында бір қызбен сықылықтасып күлісіп, мәз болып тұр екен. **14.** Соларды бір көрсем, сырласып, шер тарқатсам деп аңсайсың.

2-тапсырма. Төмендегі мысалдардағы қарамен жазылған сөздердегі с-қосымшасының қандай қосымша екенін анықтаңыз, оларға тұлғалық талдау жасаңыз

1. Қонақ жігіттерге Мақыш мал алғызып, сол үйдің қойшы жігітіне сойғызып, өзі жігіттерімен әрбір жайды әңгімелесіп отырды (М.Ә.). **2.** Есімжан қыздың жеңгесімен **сөйлесіпті** (М.Ә.). **3.** Енді мұнда келгенімді **көрмессің** (С.М.). **4.** Алайда әрбір баланың тағдырын **шешпес** бұрын оның ата-анасын немесе туған-туысқандарын **іздестіру** үшін барлық шараларды қолдану керек (М.Ә.). **5.** Мен үшін өз басыңа жау көбейте **бермессің** (Ғ.М.). **6.** Абай аулындағы жеңге құрбының бәрі де Ербол әкелген хабарды **қуанысып тыңдасты** (М.Ә.). **7.** Қыландап атқан таңменен, бозторғай **шырылдамастан**

тұрып, бәйбішелер жатқанша, ақ үйлер түндігі жабылғанша, бір сәтке тізе бүгіп отырмай, елдің бәрінің соңынан жатамыз (М.Ә.).

3-тапсырма. Мына сөздерден с – қосымшасын қосып бірде ортақ етіс, енді бірде болжалды келер шақ есімше жасаңыз

Бекі, ора, сайла, қала, бөге, байқа, қара, тара, ойла, арала, сана.

4-тапсырма. Мына сөздерден ортақ етіс жасандар

Сөйле, сыбырла, қабатта, байла, сұра, өрле, баста, қозға, есті, панала.

2. Осы сөздерді с – қосымшасын қосып, болжалды келер шақ есімшеге айналдырыңдар. **3.** С – қосымшасының ерекшеліктерін жаттау.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілін оқыту мәселесі қай кезеңде болса да өзекті мәселе болған. Тілді жүйелі оқыту үшін ең алдымен білім алушылар мен тыңдаушылардың сауатты сөйлеп, өз ойларын жүйелі жеткізу және сауатты жазуын басты орынға қойған дұрыс.

Қазіргі мектеп оқулықтары мен оқу бағдарламалары білім алушылардың функционалды, математикалық, жаратылыстану мен оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған.

Білімді, сауатты білім алушылардың өз ойларын жүйелі жеткізіп, сауатты жазу мәселесінде әлбетте грамматикалық тапсырмаларды орынды орындату арқылы едәуір жетістікке қол жеткізуге болады.

Сондықтан ұсынылып отырған әдістемелік құралда қазақ тілінің тіл тереңдігін меңгертумен қатар, тапсырмаларды орындату арқылы іске асырудың жүйесін қалыптастыруда басшылыққа алуға ұсынылады.

Әр білім алушы берілген әдістемелік құралмен жұмыс жасай отырып, өздігінен жұмыс жасау арқылы қажетті білімді меңгере алады.

Әдістемелік құралда берілген 3 модульді басшылыққа ала білім алушылар қазақ тілінің салаларын: лексика мен грамматиканы (синтаксис пен морфоогия) меңгеріп, сауатты жазуға және дұрыс сөйлеуге дағдыланады. Бұл дегеніміз қазіргі заман талабы.

Әдістемелік құралдың 1-модульде сөздердің мағыналық топтары. Сөз мағыналары туралы түсінік; 2-модульде қазақ тіліндегі қосымшалардың табиғаты, түрлері және 3-модульде Омонимдес қосымшалар. Шылау сөздермен ұқсас келетін қосымшалары берілген.

Берілген құралды болашақ педагогтер де басшылыққа ала отырып жұмыс жасай алады.

Пайдаланатын оқулықтар

№	Оқулық	Авторы	Баспасы
1	Қазіргі қазақ тілі	І.Кеңесбаев Ғ.Мұсабаев	«Алматы» 1967
2	Практикалық қазақ тілі	Н.Оралбаева Б.Шалабаев Т.Әбдіғалиева	«Ана тілі» 1993
3	Тіл білімінің негіздері	К.Аханов	«Алматы» 1993
4	Қазіргі қазақ тілі	О.Төлегенов	«Алматы» 1997
5	Қазіргі қазақ тілі	Т.Ахабаева	«Алматы» 1992
6	Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы	Ғ.Қалиев Н.Оралбаева О.Төлегенов	Алматы «Мектеп» 1983
7	Қазіргі қазақ тілі	А.Ысқақов	«Мектеп» баспасы 1974
8	Қазақ тіліндегі етіс категориясы	А.Қалыбаева (Хасенова)	Алматы, 1951
9	Қазақ тіліндегі есімше категориясы	Т.Ерғалиев	Алматы, 1958
10	Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы	Ж. Шәкенов	Алматы, 1961
11	Етістіктің лексика – грамматикалық сипаты	А.Қ.Хасенова	Алматы, 1971
12	Қазақ тіліндегі зат есім мен сын есім тудыратын жұрнақтар	Ә.Төлеуов	Алматы, 1956
13	Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категоиясы	Т.Қордабаев	Алматы, 1953
14	Қазіргі қазақ тілі	Е. Маманов	Алматы, 1966
15	«Қазақ тілі» оқыту әдістемесі	Г.Қосымова, Ж. Дәулетбекова	2001 ж.

Подписано в печать 28.03.2024 г. Формат 60x84/16.
Бумага офсетная. Тираж 10 экз. Заказ №405
ТОО «Pegaso» Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Терешковой,41
Тел.: (7212) 56-45-00